МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

# Almaty AQSHAMY

12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №88 (6650) 7 қазан, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

САРАПТАМА



(Сурет: А.Байжұманов).

## СТУББ САПАРЫ:

**Финляндия Қазақстанға несімен маңызды?**

2

ALA CRAFT 2025

# ӘЛЕМДІК ШЕБЕРЛЕР ОРДАСЫ

## Алматы – Дүниежүзілік қолөнершілер астанасы мәртебесін иеленді



Суреттерді түсірген Қайрат КОНЫСБАЕВ.

**Мегаполис ресми түрде Дүниежүзілік қолөнершілер астанасы мәртебесін иеленді. Бұл оқиға – Қазақстанның бай мәдени мұрасының халықаралық деңгейде мойындалғанының айқын дәлелі. Осы атаулы мәртебеге орай мегаполисте Ala Craft 2025 атты ауқымды фестиваль өтті. Іс-шараға Үндістан, Қырғызстан, Өзбекстан және тағы басқа 12 елден келген 100-ден астам шебер қатысты.**

Алматы төріндегі Республика сарайының алдындағы алаң – ұлттық дәстүр мен этникалық өнердің, шығармашылық пен шабыттың ғажайып әлеміне айналды. Көрме-жәрмеңкеде қолдан жасалған бұйымдар сатылып, түрлі шеберлік сабақтары мен этно-перформанстар өтті.

Фестивальдің ең әсерлі сәті – республикалық «Шебер-XII» байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі болды. «Жаңашылдық» номинациясында алматылық зергер Дулат Ашимов жеңіске жетті. Оның ерекше туындысы – қозғалмалы ешкі бейнеленген сақина, көне «ортеке» театрының рухын жаңғыртып, дәстүр мен креативті үйлестірген нағыз өнер туындысы атанды.

Фестивальге сондай-ақ, белгілі шебер, 20 жылдан бері өз өмірін домбыра мен қобыз өнеріне арнап келе жатқан шебер, қазақтың ұлттық аспаптарын жасаушы Қайрат Қойшығұлов қатысты. Оның қолынан шыққан аспаптарда еліміздің танымал әншілері ойнайды, тіпті бір домбырасы Австралия музейінде сақтаулы.

Фестиваль аясында іс-шараға қатысушылар тек қолөнер бұйымдарын көрумен шектелмей, қыш өңдеу, тоқыма, зергерлік өнер бойынша шеберлерден үйрену мүмкіндігіне ие болды. Көпшіліктің көзайымына айналған сәт – әлемдік рекордтың орнауы болды: Гиннестің рекордтар кітабының жеті дүркін чемпионы Сергей Цырульников небәрі 54 секундта тоғыз тағалы темірді бүктеп, қазақтың ежелгі жігіттік сынағын сахнада жаңғыртты.

- **Ala Craft 2025 фестивалі Алматының мәдени өмірінде жарқын із қалдырды. Ол ұлттық дәстүр мен заманауи шығармашылықты тоғыстырып, қазақ қолөнерін әлемге танытудың жаңа мүмкіндіктерін ашты.**

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**

«ЖАСЫЛ АЛМАТЫ»

# БАУМ ТОҒАЙЫ:

## бірде-бір ағаш кесілмейді




**Алматының жасыл аймағы саналатын Баум тоғайында абаттандыру жұмыстары жүріп жатыр. Экология және қоршаған орта басқармасына қарасты «Медеу» мемлекеттік өңірлік табиғи саябағының хабарлауынша, мұнда 104 мыңнан астам ағаш пен 5 мың бұта өсіп тұр. Олардың барлығы мемлекеттік орман қорының құрамына еніп, ерекше қорғалатын табиғи аумақ ретінде сақталады. Абаттандыру жұмыстары аясында бірде-бір ағаш кесілмейді.**

Жұмыстардың басты мақсаты – тоғайдың табиғи қалпын сақтау, сауықтыру және қалпына келтіру. Ағаштарды кесу емес, қайта олардың өмірін ұзарту көзделген. Бұл ретте ауру немесе қураған бұтақтарды санитарлық кесу, сауықтыру, зиянкестерге қарсы өңдеу және ағаш түбін тазалау сынды шаралар атқарылуда. Жұмыстар ағаштардың саулығын, пішінін сақтауға және ұзақ тіршілік етуін қамтамасыз етуге бағытталған. Мақсат – тоғайдың Алматы тұрғындарының сүйікті демалыс орны әрі қаланың жасыл нышаны болып қала беруін қамтамасыз ету.

Тоғайдағы жұмыстар табиғи ортаға барынша аз араласу қағидатымен атқарылады. Абаттандыруда цемент-бетон бұйымдары қолданылмайды – тек экологиялық таза материалдар пайдаланылады. Тоғайда энергоүнемдегіш жарық шамдары орнатылып, келушілердің қауіпсіздігі үшін бейнебақылау жүйелері мен полиция бекеттері қарастырылады.

Тоғайды қалпына келтіру жұмыстарына еріктілер белсене атсалысуда. 2023-2024 жылдары олар емен, шырша, өрік және Сиверс алмасы секілді ағаштардың 2150 көшетін отырғызған. Жұмыс демеушілер есебінен, бюджет қаражатын тартпай жүзеге асырылуда. Ал 2026 жылы аумақты абаттандыру аясында тоғайдың жасыл қорын толықтыру және табиғи шығынды өтеу мақсатында мыңнан астам жаңа ағаш егу бағдарламасы жүзеге асырылмақ.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

@AQSHAMY_KZ

TikTok

@AQSHAM_NEWS

www.aqshamnews.kz

9 772223 237006

САЯСАТ

# СТУББ САПАРЫ:

## Финляндия Қазақстанға несімен маңызды?

**БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-сессиясы аясында Қасым-Жомарт Тоқаев Финляндия президенті Александр Стуббпен келіссөз жүргізгені белгілі. Онда екіжақты және халықаралық күн тәртібіндегі мәселелер талқыланды. Сондай-ақ, Финляндия президентінің Қазақстанға алдағы сапары жайлы сөз болды. Мақалада «Финляндия президентінің Қазақстанға сапарынан не күтеміз және Финляндия Қазақстанға несімен маңызды?» деген сауалдарға жауап берілмек.**

### НЬЮ-ЙОРКТЕГІ МАҢЫЗДЫ КЕЗДЕСУ

Финляндия Қазақстанның тәуелсіздігін алғашқылардың бірі болып мойындаған. Екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылғы 13 мамырда орнатылған. Биыл 33 жылдық атап өтілді.

Дегенмен, екіжақты байланыс үнемі жоғары деңгейде дамыған жоқ. Оған географиялық алшақтық әсер етті. Қазақстанның Финляндиядағы Елшілігі 2012 жылы наурызда ашылған. Елшіліктің дипломатиялық қатынас орнатылғанына 20 жыл өткесін ашылуы байланыстың біркелкі дамымағанын дәлелдейді. Соған қарамастан сауда-экономикалық, ғылыми-технологиялық, мәдени-гуманитарлық бағытта екіжақты байланысты нығайтуға мол мүмкіндік бар.

Инвестициялық және сауда-экономикалық ынтымақтастыққа келер болсақ, 2022 жылғы дерек бойынша 380 млн. АҚШ доллары көлемінде инвестиция құйған. Саудасаттық 370 млн.-нан асқан.

24 қыркүйектегі Нью-Йоркте өткен кездесу екіжақты қатынасты нығайтуға мол мүкіндік береді. Себебі, Финляндия президенті Александр Стуббтың алдағы уақытта Қазақстанға сапары сөз болған. Бұл – А.Стуббтың елімізге алғашқы сапары болмақ. Ол 2024 жылы президент сайлауында жеңіске жеткеннен кейін Орталық Азиядағы алғашқы сапарын Қазақстаннан бастайды. Бұл – еліміздің геосаяси, геоэкономикалық маңыздылығын көрсетеді.

### ӘРІПТЕСТІККЕ МҮДДЕЛІЛІК БАҒДАРЛАРЫ

Қазақстан ішкі және сыртқы саяси бағыттарда Финляндиямен қатынасты нығайта алады. Олар келесідей:

- **ОА+Финляндия форматы.** Қазақстан мен Орталық Азияның өзге мемлекеттері 2022 жылдан бері әлем елдерімен «Орталық Азия+» форматында әріптестікті нығайтуға аса мән беруде. АҚШ, Қытай, ЕО, Германия, Франция, Жапония, Оңтүстік Корея және өзге де бағытта байланыс нығаюда. Алдағы сапар аясында «ОА+Финляндия» форматында кездесулер өткізу бастамасы көтерілуі мүмкін.
- **Қазақстан мен Скандинавия ынтымақтастығы.** Финляндия Скандинавиялық ел. Бұл бағытта әріптестік орнатуға мол мүмкіндік бар. Әсіресе, сауда-экономикалық, инвестициялық, технологиялық, мәдени-гуманитарлық бағытта қатынасты нығайтуға болады. Финляндия Скандинавияға апарар тіке жол. Сондықтан Астана Хельсинкимен байланысты нығайтуы мүмкін.
- **Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздік.** Финляндия НАТО-ға кіргеніне қарамастан, әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге күш салып келеді. Бұл жағынан Қазақстанның сыртқы саясатына ұқсас. Сондықтан Астана өзінің сыртқы бастамаларын қолдауға шақыруы мүмкін. Қала берді, Финляндия «Орта держава» болып саналады.
- ***Сөзімізді түйіндесек, Астана мен Хельсинки геосаяси, сауда-экономикалық, инвестициялық байланысты арттыруына болады. Финляндия басшысының алдағы сапары қатынасты нығайтуға серпін бермек.***



**Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.**

«DIGITAL BRIDGE 2025»

## Жаһандық диалог алаңы:

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒДАР

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында Қазақстан үш жыл ішінде толыққанды цифрлық ел болуы керектігіне маңыз берген болатын. Ізін ала елімізде алғаш рет Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылып, ауқымды өзгерістер басталып кетті. «Алматы ақшамы» бұған дейін хабарлағандай, Елорда төрінде жаһандық деңгейде ықпалға ие технология саласының білгірлері мен тұлғалары жиылып, адамзаттың дамуына жасанды интеллектінің ықпалы мен мазмұны талқыланды. Мақаламызда Астанада өткен жоғары деңгейдегі жасанды интеллект, технологиялар тақырыбы бойынша тыңнан түрен салған осы форумның негізгі қорытындыларын саралап, талдап көрелік.**




(Дереккөз: aqorda.kz).

### КЕЛЕЛІ КЕҢЕС, НАҚТЫ ТАПСЫРМАЛАР

Президенттің қатысуымен өткен Жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі кеңестің алғашқы отырысында елімізді алғашқы жасанды интеллект университеті ашылатыны жарияланды, Үкіметке нақты тапсырмалар берілді. Жасанды интеллектіні білім беру, зерттеу саласына кеңінен пайдалану орталық пен аймақ, қала мен ауыл арасындағы теңсіздікті жоймақ.

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі цифрландырудың және қоғамның барлық саласына жасанды интеллектіні енгізудің басты локомотиві болады. Жалпы, жасанды интеллектінің дамуына соңғы жылдары дүние жүзі бойынша бір триллион доллардан артық инвестиция салынған екен. Елімізде AI-Sana бағдарламасы аясында 440 мыңнан астам студент жасанды интеллект саласы бойынша арнайы сертификатқа ие болды.

Форум аясында талқыланған мәселелерден аңғарғанымыз, жасанды интеллект саласында технологиялардың философиялық базасы тек білім беру, қызмет көрсету саласын айқындау ғана емес, сонымен бірге этика мен жауапкершілікке негізделген ғылыми-өндірістік платформа негізін қалыптастыру. Форум қорытындысы ретінде адамзатқа бағытталған негізгі ұстаным технология тек прогрестің құралы ғана емес, сонымен бірге адамзаттың игілігі үшін қолданылатын құндылықтық жүйеге сай болуы шарт деп түйіндеуімізге негіз бар.

### ҚАЗАҚСТАН – ЕУРАЗИЯДАҒЫ НЕГІЗГІ ЦИФРЛЫҚ ХАБ

Жасанды интеллектінің дамуы қазір тек технологиялық прогресс ретінде емес, жаһандық деңгейдегі жауапкершілік мәселелерімен қоса айқындалып отыр. Елорда төрінде өткен форумда жасанды интеллектінің құқықтық тұрғыдан айқындау талқыланып, еліміздің ұстанымын Президентіміз айқындап берді. «Технология таңдаулыларға ғана емес, баршаға қызмет етуге тиіс». Жасанды интеллектінің қолданыс аясы артып, ол қоғамдық игіліктер алып келгенімен, оны бейбіт мақсатта қолдану өте маңызды. Бұл тұрғыдан еліміздің жаһан жұртымен бөлісетін тәжірибесі жеткілікті. Біріншіден, Қазақстанның ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан тарихи тәжірибесін ескерсек, жасанды интеллектіні тек бейбіт мақсатта пайдалану туралы еліміздің моральдық-құқықтық позициясы айқын. ЖИ саласындағы реттеу мен этика бойынша жаһандық дискурста ерекше рөлге ие.

Екіншіден, еліміз БҰҰ аясындағы ЖИ басқару жөніндегі жаһандық диалогқа қосылуға дайын екенін білдіріп, Қытайдың жаһандық ынтымақтастық ұйымын құру туралы ұсынысын қолдай отырып, Шығыс пен Батыс арасындағы дәнекер ретіндегі орнын айқындады. Бұл қадамды тек дипломатиялық тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге технологиялық ресурстарға тең қолжетімділік қағидасын алға шығаратын стратегиялық көзқарас деп түсінгеніміз жөн.

Үшіншіден, соңғы жылдары елімізде сәтті жүзеге асырылып жатқан реформалар жаңа технологиялық экожүйе құруға бағытталған жүйелі саясаттың жалғасы екендігін көреміз. Қазақстанда алғашқы жасанды интеллекті зерттеу университетін ашу, «Alem.ai» халықаралық орталығын іске қосу және суперкомпьютерлік инфрақұрылым құру, т.б. іргелі қадамдар Еуразия даласында еліміздің цифрлы хаб ретінде қалыптасқандығының жарқын мысалы.

### ЖИ САЛАСЫНДАҒЫ ЖОБАЛАР, КЕШЕНДІ ЖҮЙЕЛЕР

Жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі кеңес отырысы аясында цифрлық шешімдер көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге Ustem Foundation қоғамдық қоры, Freedom Bank, Yandex Qazaqstan, Kaspi, «Қазақтелеком» АҚ, «Еуразиялық банк» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «Қазақстан темір жолы» АҚ және басқа да отандық жетекші компаниялар мен ұйымдардың ЖИ саласындағы жобалары қойылды. Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, экспозициялар білім беру, мәдениет, логистика, «ақылды қала» технологиялары сияқты ауқымды бағыттарды қамтыды. Сонымен қатар, туристік онлайн қызметтері, генеративті ЖИ платформалары, B2B-агенттері мен AITU отандық мессенджері таныстырылды. Көлік бағытында жаңа буынды 5G базасында тасымалды басқару мен телекоммуникацияға арналған ЖИ негізіндегі кешенді жүйелер көрсетілді. Мұның өзі еліміздегі цифрлық технологияның қарқынды дамуын, сондай-ақ жасанды интеллектінің ұлттық экожүйесін қалыптастыруға отандық бизнес пен институттардың қосқан үлесін айқындап тұр.

### ӘЛЕУМЕТТІК КЕЛІСІМНІҢ ЖАҢА ҮЛГІСІ

Мемлекет басшысы цифрландыру, нейрожеліні кеңінен қолдану мемлекеттік басқару жүйесінің философиясына айналуға тиіс екендігін айқындап берді. Цифрландыру мен жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі көзқарас тек техникалық ілгерілеуге емес, сонымен бірге мемлекеттік басқару философиясын түбегейлі қайта қарауға негізделген болуы тиіс.

Мемлекеттік қызметтерді цифрлық форматта ұсыну, азаматтардан бұрын берілген деректерді қайта сұратпау, әрбір нормативтік актіні қабылдаудан бұрын цифрлық сараптамадан өткізу дегеніміз, тек әкімшілік процедураларды жеңілдету емес, мемлекет пен қоғам арасындағы сенім жүйесін қайта құрудың маңызды қадамы. Мұндай тәсіл бюрократияны қысқартып, ашықтықты арттырады әрі азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенімін күшейтеді. Бұл тұрғыдан алғанда, Қазақстан цифрландыруда техникалық инновациядан гөрі әлеуметтік келісімнің жаңа үлгісін қалыптастырды.

Сөзімізді түйіндесек, Қазақстанның жасанды интеллектіні дамытудағы ұстанымы – ұлттық модернизацияның ғана емес, жаһандық тұрақтылық пен ынтымақтастықтың жаңа парадигмасын қалыптастыру. Жасанды интеллектінің енгізу арқылы бір жағынан экономикалық тиімділік пен басқару сапасын арттырсақ, екінші жағынан әділеттілік пен мәдени әртүрлілікті сақтауды басты қағидамыз ретінде қалыптастырамыз. Демек, жасанды интеллект саясаты еліміздің цифрлық дербестігін қорғап қана қоймайды, бұл – халықаралық жауапкершіліктің жаңа деңгейін қалыптастыратын өркениетті жоба. Осы жолдағы алғашқы қадам сәтті жасалды.

**«Digital Bridge» технологиялар форумына қазірге дейін 67 мыңнан астам адам, 500-ден аса IT-компания және 100 елдің өкілі қатысты. Жиын келер жылдан бастап AI Bridge атауымен өтеді.**



**Нұрболат НЫШАНБАЕВ, сарапшы, «Тұран» университеті.**

НАҚТЫ СЕКТОР

# Қоғамдық көлік: ЖОЛАҚЫ ТӨЛЕМЕУ – мемлекеттің қаржысын ұрлау деген сөз

**Қоғамдық көліктерде жолақысын төлегісі келмейтін жолаушылар бар. Бір қарағанда ұсақ-түйек болып көрінгенімен, бұл бүкіл жүйеге әсер ететін жағдай. Мәселені бақылау шараларының өнімділігінен тартып, шетелдік тәжірибелерді салыстыра қарастырып көрейік.**

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ




Коллажды жасаған Нұрбосын ОРІСҰЛЫ

### ТӨЛЕМНЕН ЖАЛТАРУ – ТАСЫМАЛДАУШЫҒА СОҚҚЫ

Алматы қаласы баспасөз қызметінің мәліметіне жүгінсек, мегаполистегі қоғамдық көліктерде күніне шамамен, 1,6 миллионға жуық төлем тіркеледі екен. Бұл қоғамдық көлікті пайдаланушылар үлесінің басым екенін көрсетеді. Қала әкімшілігі осы бағытта жүйелі жұмыстар атқарып жатыр. Заманауи әрі жайлы автобустарды көбейтіп, жолаушыларға жайлы әрі ыңғайлы болуы үшін көп жобалар жүзеге асырылуда. Соған қарамастан, қоғамдық көліктерде төлем дұрыс жасалмайды. Тасымалдаушы компаниялардың хабарлауынша, қарбалас уақыттарда жолаушылардың 30–40%-ы жолақысын төлемейді. Бұл аз көрсеткіш емес. Мұндай жағдай компанияның жаңа автобус пен қосалқы бөлшектер сатып алуына, қызметкерлерге еңбекақы төлеуіне және жолаушылар ағынын тиімді жоспарлауға кедергі келтіреді. Қысқасы, бір жолаушының билетсіз тегін жүруінің түптің түбінде жалпы қоғамға зияны салдары аз емес. Заң бойынша жолақы төлемегендерге 2 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) көлемінде айыппұл қарастырылған. Соған қарамастан, қала ішінде де, қала маңындағы маршруттарда да жағдай өзгеріссіз – әрбір үш жолаушының бірі жолақысын төлемей кетеді.

### ӨЗГЕЛЕРДІҢ ӨНЕГЕСІ

Әлемде бұл жағынан ережесі қатаң елдер де, қоғамдық көлікке ақы алынбайтын елдер де бар екенін айта кеткен жөн. Мәселен, Германияда жолақы төлемей жүрген адамға 60 еуро көлемінде айыппұл салынады. Қатаң бақылау салдарынан «зайчиктер» (билетсіз мінуші) аз. Ал Финляндияда қоғамдық көлік сенім жүйесіне негізделген, бірақ бақылаушылар кенеттен тексеру жүргізеді. Айыппұл көлемі – 80 еуро. Жапонияда төлем толық автоматтандырылған, турникеттер арқылы өтпей, қоғамдық көлікке міну мүмкін емес. Сондықтан бұл мәселе мүлде кездеспейді.

Ал Люксембург – 2020 жылдан бастап Еуропада бірінші болып бүкіл ел аумағында қоғамдық көлікті тегін еткен. Францияның Дюнкерк қаласы да автобусқа ақы алмайды. Бұл тәжірибеден кейін жеке көлікті пайдаланатындар азайып, қоғамдық көлікке сұраныс артқан. АҚШ пен Қытайда – кейбір шағын қалаларда ғана тегін жүйе бар. Мысалы, университеттік қалаларда студенттер мен тұрғындар автобусқа ақысыз мінеді. Мұндай тегін жүйенің артықшылығынан бөлек, кемшілігі де бар. Бюджетке салмақ түседі, жолаушылар саны күрт көбейіп, автобустарға жүктеме, сонымен қатар қызмет сапасы төмендеп кетуі мүмкін.

Әлемде тегін қоғамдық көлік бар, бірақ ол көбіне шағын мемлекеттерде немесе жеке қалаларда қолданылады. Үлкен мегаполистер үшін бұл жүйе тиімді бола бермейді. Сондықтан Алматы сияқты бірер миллион тұрғыны бар қалада басты мақсат – жолақы төлеу мәдениетін қалыптастыру маңызды болып қала береді.

### ТҮРКИЯ ТӘЖІРИБЕСІ

Жақында «Almaty aqshamy» газетінің бір топ журналистері Түркияның астанасы Анкараға барып, тәжірибе алмасу бағытында тағылымдамадан өтіп қайттық. Шетелдің қоғамдық көлігі қандай екен деген мақсатпен, автобустарымен де жүріп көрдік. Байқағанымыз, мұнда жолақысын төлемей жүру – мүлде мүмкін емес. Автобусқа жолаушылар тек алдыңғы есіктен кіріп, ортаңғы және артқы есіктерден түседі. Жүргізушінің жанындағы валидаторға «Ankarakart» баспай өтпейсіз. Соған қарамастан, жолаушылардың кезекке асығып, бір-біріне ашуланып жатқанын көрмейсіз. Метроға да турникеттен өтесіз, картасыз – қақпа ашылмайды. Қысқасы, ешкім айла жасап, тегін жүрмейді. Ең бастысы – кондукторсыз да бәрі заңға бағынады. Өйткені, төлем жасамау – айыппұл мен қоғамның наразылығына әкеледі. Бұл – көлік мәдениетінің жоғары екенін көрсетеді.

Ал бізде ONAY» картасы, QR-код, 7 таңбалы кодты енгізу, мобильді қосымша немесе SMS арқылы төлеу сынды төлем тәсілдері жетілдірілген. Алайда, автобустың барлық есігінен еркін кіріп-шығатындықтан бақылауда қиындықтар туады. Бұдан бізде технология жетілгенімен, тәртіптің әлі де қалыптаса қоймағаны көрінеді. Тексеруші болмаса, кей жолаушылар «ештеңе етпейді» деп ақысыз жүре беруге бейім. Әсіресе, мектеп оқушылары мен студенттер арасында мұндай жағдай жиі байқалады.

Мәселенің түп төркіні – бақылау жүйесінің әлсіздігі мен жауапкершіліктің төмендігі. «Бір адам төлемесе де ештеңе етпейді» деген қате түсінік әлі де бар. Ал шын мәнінде, әр төленбеген жолақы қоғамдық салдар мен мәдениетке барып саятынын түсіне бермейміз. Қазіргі таңда бұл мәселені шешу үшін қалалық Басқарма бірыңғай тексеру қызметін құруды қолға алуда.

### МАМАНДАР НЕ ДЕЙДІ?

Мерит әлеуметтану орталығының қызметкері, тәуелсіз әлеуметтанушы Нұрболат Айекешов жолақы төлеу мәдениеті – әлеуметтік жауапкершіліктің көрсеткіші деп есептейді. «Жолақы төлемеу – бүкіл жүйеге әсер етеді. Әр төленген теңге автобустың қозғалысына, жүргізушінің еңбегіне, қаланың тыныс-тіршілігіне жұмсалатынын білуі тиіс. Бұл кемшілікті түзету үшін, ең алдымен, азаматтардың ішкі мәдениеті мен азаматтық жауапкершілігін арттыру маңызды», – дейді ол.

Экономист Данияр Сәрсенов мәселенің қаржылық салдарына баса назар аударады. Сарапшының пікірінше, жолақы төлемеу көлік компанияларының шығынын көбейтеді. Ақыр соңында бюджеттік шығынға соғады немесе қызмет сапасының төмендеуіне әкеледі. Әрбір төленбеген жолақы – жаңа автобус алуға, жүргізушінің жалақысын көтеруге, инфрақұрылымды жақсартуға кедергі болады.

Психолог Айнұр Асқарқызының тұжырымдауынша, жолақы төлемеу адамның психологиясына да әсер етпек: «Тегін жүруді кейбір адамдар «ұсақ қулық» деп қабылдайды. Бұл жауапкершілікті төмендетіп, уақыт өте келе заңды бұзып, ережелерді елемеуге итермелейді. Жолақы төлеу – адамның ішкі мәдениеті мен адалдығының өлшемі.

Қарапайым жолаушылар пікіріне назар аударып көрейік. №83 мектеп-гимназияның мұғалімі Шынар Нұрдәулетқызы әрдайым жолақысын уақытылы төлейтінін айтады: «Мен үшін бұл – әдеттегі мәдениет. Қоғамдық көлікке мінген соң ақы төлеу – әркімнің міндеті. Кейінгі кездері мен де жиі байқаймын, жастар ғана емес, үлкендер де бақылаушы кірмесе, төлей бермейді. Біреудің заң бұзғанын көрген екінші адам да соны қайталайды. Бұл дұрыс емес».

Ал зейнеткер Қуат Бекайдаров болса, екі көзқараска да түсіністікпен қарайды: «Бір жағынан, жолақы төлеу – әр адамның міндеті. Автобус пен метро бізге тегін келіп жатқан жоқ. Бірақ кейде адамдардың жағдайы болмайды, қолында ақшасы немесе картасы болмай қалады. Сондықтан бірбірімізді кінәлай бермей, жалпы мәдениетті көтеруіміз керек. Сонда бәрі дұрыс жолға түседі», – дейді ол.

### ҚАНДАЙ ШЕШІМДЕР ҚАЖЕТ?

Алматыда көлік мәдениетін арттыру үшін халықаралық тәжірибеге сүйенген нақты шаралар қажет. Ең алдымен, автобустарға тек алдыңғы есіктен кіру және картасыз өткізбейтін жүйені енгізу маңызды. Артқы есіктер тек түсуге арналса, тәртіп пен жауапкершілік артады.

Сондай-ақ, бақылаушылардың тұрақты рейдтері мен ақпараттық түсіндіру жұмыстары үлкен рөл атқарады. «Жолақысын төлемеу – өз болашағымызды ұрлау» деген ұстанымды қоғамға кеңінен насихаттау қажет.

Қала билігі мен сала мамандарына айтар өтінішіміз – қоғамдық көліктегі әділдік пен тәртіпті қамтамасыз етіп, халықаралық үлгідегі жаңа жүйелерді батыл енгізу. Өйткені, жолаушы мен жүргізушіге ортақ талап орнағанда, қаланың көлік мәдениеті де, тұрғындардың жауапкершілігі де жаңа деңгейге көтеріледі.

### ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Жұмажан ЖАҢБЫРОВ, көлік саласының профессоры:**

**ЖАУАПКЕРШІЛІК КЕРЕК**

*Қоғамдық көлік жүйесі дұрыс жұмыс істеуі үшін төлем тәртібі қатаң сақталуы тиіс. Батыс Еуропа елдерінде бұл мәселе жолаушылардың жауапкершілігі мен мәдениетінің арқасында шешілген. Бізде де электронды жүйелер бар, бірақ басты мәселе – азаматтардың санасын өзгерту. Әркімнің төлем жасауы – қоғамдық көліктің дамуына тікелей үлес қосқаны болар еді. Сондықтан жолаушы жауапкершілігін қалыптастырған жөн.*

### СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

**САЯТ, автобус жүргізушісі:**

**ТӨЛЕМ МӘДЕНИЕТІ ТӨМЕН**

*Бізде әлі күнге дейін қоғамдық көлікке отырғанда жолақысын төлемейтіндер көп. Бірі «ақшамды ұмытып кеттім» дейді, екіншісі «қазір басамын» дейді де, мүлдем баспай кетеді. Төлем мәдениеті төмен жұрт әлі де баршылық. Мұның бәрі кімнің есебінен? Ең алдымен біздің жұмысымызға зиянын тигізеді. Бұл – жүргізушілердің жүйкесін жұқартады. Күндіз-түні рульде отырамыз, жолаушы тасымалдап, қауіпсіздікті қамтамасыз етеміз. Кептелісті айтпай-ақ қояйық... Енді өзіңіз айтыңызшы, сонда біздің осынша еңбегімізді бағаламай, ақысыз жүру – әділет пе? Одан кейін бұл тасымалдаушы компанияны шығынға батырады ғой. Ақыры айналып келгенде, зардабын бәріміз көреміз. Өйткені, қоғамдық көлікке бөлінетін қаржы, жаңа автобустың алынуы, қызмет сапасының артуы – барлығы да сол жиналған қаражатқа байланысты. Жолақы төлемеу – адал еңбекті жеумен бірдей. Жүргізушінің маңдай терін, компанияның шығынын, мемлекеттің қаржысын ұрлау деген сөз. Бұл заң алдындағы, қала берді ар алдындағы да жауапкершілік. Өкінішке қарай, бізде «билетсіз мінген бір адамнан ештеңе өзгермейді» деген түсінік бар. Бірақ әрбір төленбеген жолақы – бүкіл жүйеге соққы екенін естен шығармауымыз керек.*

### P:S.

**Қоғамдық көлік – ортақ игілік. Демек, оның тәртібі де, төлемі де, жауапкершілігі де баршаға ортақ болуы керек. Егер әркім өз үлесін адал қоса білсе, Алматыда да қоғамдық көліктің мәдениеті жаңа деңгейге көтеріліп, сапалы әрі әділ жүйе қалыптасары сөзсіз.**

ЭКОЛОГИЯ

## Көгалдандыру бағдарламасы:

# АЛМАТЫНЫ АБАТТАНДЫРУ

## жұмыстары жалғасуда

**Медеу ауданында көшелер мен даңғылдарды көгалдандыру жалғасып жатыр. Әл-Фараби даңғылында (Қаппаров көшесінен Назарбаев даңғылына дейін), сондай-ақ Қажымұқан, Сәтбаев, Абай, Құрманғазы, Шевченко, Қабанбай батыр және Қалдаяқов көшелерінде көріктендіру жұмыстары аяқталды. Медеу ауданы әкімдігінің дерегінше, жаңа гүлзарлар, суару жүйелері аймақтарды жасыл бульварға айналдырды.**

Дана САДЫРҚАН

Көгалдандыру бағдарламасының аясында 71,5 мың шаршы аумақ, ұзындығы 14 шақырым болатын 13 көше көркейтілді. Бүгінде Достық даңғылында, Бөгенбай батыр, Қабанбай батыр, Төле би, Қазыбек би көшелері мен Құлжа тас жолында абаттандыру жұмыстары жалғасуда.

Негізінен, буферлік аймақтарға баса назар аударылып, Назарбаев және Достық даңғылдарында бұталар мен гүлдер отырғызылады, іргелес аумақтар абаттандырылады.

Аудан тұрғындары қазірдің өзінде оң өзгерістерді байқаған. *«Бұрын бұл аймақтар иесіз, бос жатқан жерлер еді. Енді міне, көріктендіру жұмыстарының арқасында танымастай өзгеріп, көркейіп шыға келді. Мұнда серуендеудің өзі керемет»,* – дейді аудан тұрғыны Айгүл.

Алдағы уақытта жасыл аймақтар кеңейтіліп, жаңа ағаштар отырғызылып, жүргіншілер үшін жайлы кеңістік пайда болады.

ЖЕТІСУ АУДАНЫ

# КӨШЕ-ЖОЛ ЖЕЛІСІ ЖОБАЛАРЫ

## жайлы әрі ыңғайлы орта қалыптастыруға бағытталған

**2025 жылы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы жалпы ұзындығы 270 шақырым болатын 326 көшені орташа жөндеумен қамтуды жоспарлаған еді. Соның ішінде Жетісу ауданында ұзындығы 26,2 шақырымдық 33 көше жөнделді. Оның 15-і ұзындығы 16,9 шақырым болатын «Кемел» шағынауданында орналасқан.**

Дана БОЛАТҚЫЗЫ

Тізімге Жайсан, Постышева, Есім хан, Жолымбет, Палладин, Боралдай және тағы басқа көшелер енген. Айта кету керек, Постышева көшесі – «Кемел» шағынауданының басты күре жолы. Ол қаланы қала маңындағы елдімекендермен байланыстырады. Бұл көшеден Қоянқұс, Ынтымақ сынды елдімекендерге үлкен көлік легі өтеді. Бірнеше жыл бұрын бұл көшеде инженерлік желілер тарту жұмыстары жүргізілген болатын. Сол кезде жергілікті тұрғындар жолды асфальттап беруді жиі сұрапты. Олар E-otinish арқылы өтініш беріп, есептік кездесулерде билік өкілдеріне жүгінген.



*– Бүгінде Жетісу ауданындағы 31 көшеге жол жамылғысы төселді. «Кемел» шағынауданында көптеген көше инженерлік желілер тарту жұмыстары кезінде қазылып тасталған еді. Сол жұмыстар аяқталғаннан кейін біз мұнда орташа жөндеуді бастадық. Жұмыс аясында асфальт төселіп, тротуарлар, жол белгілері мен таңбалар орнатылды. Қазан айының соңына дейін қалған екі көшеде жөндеу жұмыстары аяқталады. Келісімшарт бойынша биыл 31 қарашаға дейін бұл іс толық аяқталуы тиіс. Мердігерлермен 5 жылдық кепілдік қарастырылған, осы уақыт ішінде ақаулар болса, оларды түзетеді,* – деді Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы көше-жол желісін дамыту бөлімінің басшысы Нұрзат Ордабаев.

Айта кету керек, жұмыстың тиімді жүруі үшін аудандық әкімдік, қалалық басқарма мен коммуналдық қызметтер жұмыстардың мерзімін алдын ала келісіп алған – тек инженерлік желілер тартылған соң жолдарды асфальттау басталды.



*– Бұл аудандағы негізгі жұмыстар жол бөлігі мен тротуарлардың бір бөлігінде аяқталды. Қазір люктерді көтеру және ұсақ кемшіліктерді түзету жұмыстары ғана қалды. Жұмысқа әрқайсысында 6–10 адамнан тұратын 15 бригада және 27 арнайы техника жұмылдырылған. Жұмыс күндіз де, түнде де жүргізілді. Тұрғындар ұсыныстарымен келеді және біз олардың өтінішін орындауға тырысамыз және халықтың арыз-тілегін ескереміз. Барлық жасалған жұмысқа 5 жылға дейін кепілдік бар. Біз бұл салада көптен бері жұмыс істеп келеміз, сондықтан беделді ұстауға тырысамыз,* – деді учаске бастығы Юрий Чжен.

Ал «Кемел» шағынауданының тұрғыны Екатерина Трегубенко бірнеше жыл бойы Постышева көшесімен қатынау қиындап, инженерлік желілер тартылып, жанжақ лай-батпақ болып, автобустар мен көліктер жиі батып қалатынын айтты.



*– Мұнда жүру, қатынау өте қиын еді – кейбір автобустар жолдың жағдайына байланысты тіпті келмей қоятын. Балаларымыз үйге жету үшін аяқтарына пакет киіп жүретін. Бірақ аудандық және қалалық әкімдіктің арқасында бізде жақсы, асфальтталған жол пайда болды, бәріміз қуаныштымыз. Жаяу жүргінші жолдары мен өткелдері жасалған соң үйге тыныш жетеміз. Енді балаларымыз үшін көп алаңдамаймыз. Тұрғындармен жиындар өткізіліп, жол мәселелері талқыланды – міне, нәтиже. Бұрын асфальт түгілі қарапайым жолы жоқ шағын көшелер бар еді. Ал қазір мұнда тұрғындардың жайлылығы үшін үлкен жұмыс атқарылды. Әлі де «ақтаңдақ» көшелер бар, бірақ келесі жылы олардың да ескерусіз қалмайтынына сенемін,* – деді тұрғын.

**Көше-жол желісінің сапасын арттыру, көлік қолжетімділігін жақсарту, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тұрғындар мен қонақтар үшін жайлы әрі ыңғайлы қалалық ортаны қалыптастыруға бағытталған мұндай жобалар көбейсе, игі!**

## Қысқа дайындық:

# ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІ ЖАҢАРТЫЛДЫ

**Қалада жылыту маусымына дайындық аяқталуға жақын. «Алматыжылукоммунэнерго» мекемесінің мәліметінше, 85 қазандықтың 17-сі қайта құрылып, 100-ден астам жабдық ауыстырылды. Ең ірі «Орбита» қазандығында 10 мың текше метр су сақтайтын резервуарлар орнатылып, тұрғындарды тұрақты жылумен қамту күшейтілді. Қазір кәсіпорын нысандары алдағы жылыту маусымына 98% дайын.**

2025 жылы инвестициялық бағдарлама аясында жабдықтар жаңғыртылды: 12 қазандық, 9 жанарғы, 11 бойлер мен сыймдылық, 28 сорғы, 39 дана бекітпе арматура, 5 газ реттегіші және 12 есептеу құрылғысы ауыстырылды. Бұл жылу шаруашылығының тұрақтылығы мен энергия тиімділігін едәуір арттырды.

Кәсіпорын тарихында алғаш рет қазандықтардың 20%-ы бірден қайта құрылды. «Алматы қаласын дамытудың Жол картасы» аясында Түрксіб, Медеу, Алатау және Жетісу аудандарындағы нысандар жаңартылды. Ескірген жабдықтар ауыстырылып, жүйелер жаңартылып, жаңа қазандық ғимараттары салынды.

Ірі нысандарға да ерекше назар аударылды. Оңтүстік-Шығыс аудандық қазандықта өз қаражаты есебінен вакуумдық деаэраторларды, жылытқыштар мен сорғы жабдықтарын қамтитын қоректендіру суын дайындауға арналған кешен орнатылды. Бұл жылу желілерін коррозиядан қорғайды және ыстық сумен тұрақты жабдықтаудың тиімділігін арттырады.

Ең ірі «Орбита» қазандығында әрқайсысының көлемі 2 мың текше метр болатын бес аккумуляторлық резервуар орнатылған, бұл жалпы көлемде 10 мың текше метр су қорын қамтамасыз етеді. Соның арқасында түнде ыстық суды жинап, оны ең жоғары жүктеме кезінде пайдалануға болады, бұл тұрғындарды тұрақты жылумен қамтамасыз етеді. «Әуежай» қазандығында коррозияға қарсы жабыны бар жаңа аккумуляторлық резервуар орнатылған, бұл жабдықтың қызмет ету мерзімін ұзартады және апат қаупін төмендетеді.

Айта кетейік, «Алматыжылукоммунэнерго» қаланың әлеуметтік, тұрғын үй және өндірістік нысандарын жылумен қамтамасыз ететін жылу өндіруші мекеме болып табылады. Компанияның иелігінде 85 қазандық бар, оның 9-ы ірі және 76-сы шағын. Негізгі тұтынушы қала бойынша жылу энергиясын тарататын «Алматы жылу жүйесі» ЖШС болып табылады. Отынның негізгі түрі – табиғи газ.

## «Халық қатысатын бюджет»

# 4632 ЖОБА:

## дауыс беру қазан–қараша айларында өтеді

**Алматыда 1–30 қыркүйек аралығында өткен «Халық қатысатын бюджет» науқанына тұрғындар 4632 жоба ұсынды. Идеялардың басым бөлігі аулаларды абаттандыруға, спорт және балалар алаңдарын орнатуға, көгалдандыруға бағытталған. Өтінімдер budget.open-almaty.kz платформасы арқылы қабылданды.**

Қазір жобаларды сарапшылар қарастыруда. Қазан–қараша айларында дауыс беру өтеді, жеңімпаз бастамалар 2026 жылы жүзеге асырылады. Айта кетейік, «Алматы даму орталығы» АҚ баспасөз қызметі әрбір кезеңді тұрғындарға хабарлап отырады.

**Қатысу шарттары:**

► бір адам – бір өтінім – бір нысан;
► нысан жалпыға ортақ болуы және өтінім берушінің ауданында орналасуы тиіс;
► жобаға ең көп бюджет – 294,9 млн. теңге.

**Келесі кезеңдер:**

● 1–12 қазан: аудан әкімдіктері жанындағы сарапшылар жобаларды тексереді;
● 19 қазанға дейін: авторлар идеясын пысықтай алады;
● 20–26 қазан: жаңартылған өтінімдер қаралады;
● 27 қазан – 9 қараша: тұрғындардың дауыс беруі;
● 10–16 қараша: қорытынды шығару;
● 17-18 қараша: бюджет өтінімдерін қалыптастыру;
● 2026 жыл: жеңімпаз жобаларды жүзеге асыру.

**Әзірлеген Қ.ЖҰМАДІЛОВА.**

ЖҰМЫС САПАРЫ

# ҚАМҚОРЛЫҚ және ҚОЛДАУ

## Шаһар басшысы әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандарды аралады

**Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды мегаполистегі бірқатар әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысанды аралап, тұрғындардың өтініштерімен, абаттандыру жұмыстарының нәтижелерімен және әлеуметтік мекемелердегі жағдаймен танысты, – деп хабарлайды қала әкімдігінің баспасөз қызметі.**

Нұржамал ӘЛІШ

Жұмыс сапары Бостандық ауданындағы Rams City тұрғын үй кешенінен басталды. Мұнда әкім тұрғындардың өтінішін тыңдады. Әсіресе, ескі үйлерде тұратын азаматтар көшу мәселесін көтерді. Дархан Сатыбалды бұл мәселені жеке бақылауына алатынын және жауапты органдармен бірлесіп қарастырылатынын атап өтті.

Rams City тұрғын үй кешенінің тұрғындары да бірқатар мәселені айтты. Олар – гидрооқшаулау, жол қозғалысын ұйымдастыру және полиция пунктін орнату. Әкім осы бағыттар бойынша тиісті қызметтерге нақты іс-шаралар қабылдауды және жағдайды тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды.

Дархан Сатыбалды осы аудандағы Торайғыров көшесінің бойындағы абаттандырылған жүргіншілер аймағымен танысты. Бұл жоба «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жүзеге асырылған. Абаттандырылған аумақтың жалпы көлемі – 2,5 гектар.

Қайта жөндеу барысында тротуарлар толық жаңартылып, жиектастар орнатылды, мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін қолжетімді орта қамтамасыз етілді. Веложол қалпына келтіріліп, жарықтандыру жүйесі жаңғыртылды. Энергия үнемдейтін шамдармен жабдықталған жаңа шам тіректері орнатылып, бұл түнгі уақытта қауіпсіздік деңгейін арттырды. Сондай-ақ, заманауи балалар және спорт алаңдары салынды, қауіпсіз жабын төселді, 200-ден астам ағаш пен 1500 бұта егілді, автоматты суару жүйесі орнатылды.





Жұмыс сапарының соңында Дархан Сатыбалды Әуезов ауданындағы «Парасат» және «Шаңырақ» әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарына барды. «Парасат» 2005 жылы құрылған және психоневрологиялық аурулары бар балалар мен ересектерге арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетеді. 2025 жылы жүргізілген күрделі жөндеуден кейін мұнда оңалту, дельфинотерапия, иппотерапия, шығармашылық шеберлік және VR-терапия кабинеттері ашылды. Орталық 360 адамға қызмет көрсетуге арналған, мұнда 132 қызметкер еңбек етеді.

– *Біз ерекше қажеттілігі бар әр азамат өзіне қамқорлық пен қолдауды сезінетін жағдай жасауымыз керек. Мұндай орталықтар адамдарға бейімделуге, кәсіби көмек алуға және толыққанды өмір сүруге мүмкіндік береді,* – деді Дархан Сатыбалды.

Ал «Шаңырақ» орталығы 2001 жылдан бері жұмыс істейтін, егде жастағы азаматтар мен I-II топтағы мүгедектігі бар адамдарға арналған стационарлық мекеме. Қазіргі уақытта мұнда 292 адам тұрады, олардың 108-і – мүгедек жан. Орталықта медициналық, психологиялық және мәдени қызметтер көрсетіледі. Күрделі жөндеу жүргізіліп, аумақ абаттандырылды, бейнебақылау орнатылды және «Тұзды бөлме» ашылды.

**Сапар қорытындысында қала әкімі Алматының қалалық инфрақұрылымын дамыту, аудандарды абаттандыру және тұрғындарға көрсетілетін әлеуметтік қызметтердің сапасын арттыру бағытындағы жүйелі жұмысты жалғастыруды тапсырды.**

ӘКІМ НАЗАРЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕ

# МЕРЗІМДІ БҰЗҒАН МЕРДІГЕР

## жаңа жобаларға қатыспайды

**Шаһар басшысы Дархан Сатыбалды жұмыс сапары барысында Әуезов ауданындағы әлеуметтік нысандардың құрылыс және қайта жаңғырту барысын тексерді.**

Биыл шілдеде №2 Алматы мемлекеттік педагогикалық колледжінің ғимаратына қосалқы ғимарат салу аяқталуы тиіс еді. Алайда, «Golden City DS» ЖШС шартта белгіленген мерзімге үлгермеді. Осыған байланысты Құрылыс басқармасы сотқа талапарыз беріп, міндетіне салғырт қараған мердігер ретінде қатысушылар қатарынан шығару және одан айыппұл өндіру мәселесін көтерді.

Жоба бойынша негізгі ғиматпен галерея арқылы жалғанатын екі қосалқы нысан салу қарастырылған. Онда мультимедиялық кабинеттері бар оқу корпусы, зертхана, акт және спорт залы, асхана орналасады. Сонымен қатар, стадион жаңартылып, футбол алаңы, волейбол және баскетбол алаңдары салынуда. Алматы қаласының әкімі мерзімді бұзған мердігерлердің қала жобаларына қатыспайтынын, ал жекелеген жағдайда құқық қорғау органдары арқылы жауапкершілікке тартылатынын атап өтті.

*«Компания бұл нысанды толық аяқтамайынша, жаңа тендерлерге қатыспайды. Қала құрылысы бақылау басқармасы мәслихат депутаттарымен бірге жұмыстардың сапасы мен қарқынын бақылауға тиіс. Егер заңбұзушылық анықталса, компанияны лицензиясынан айыру қажет. Сіздер нысанды қараша айының соңына дейін тапсырамыз деп уәде бердіңіздер – біз апта сайын тексеріп отырамыз»*, – деді Дархан Сатыбалды.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

# АЛМАТЫ МЕТРОСЫ

## бір тәулікте 142 932 жолаушы тасымалдады

**Алматы метросы қала өміріндегі маңызды көліктік артерияға айналып келеді. Бұл сөзімізге жуырдағы көрсеткіш айқын дәлел бола алады. 30 қыркүйек күні өткен «Қайрат» – «Реал Мадрид» арасындағы көптен күткен ойын барысында метрополитен тарихтағы ең жоғары жолаушы ағынын тіркеді.**



(Сурет: Метрополитен.)

Метрополитеннің баспасөз қызметінің хабарлауынша, сол күні метро арқылы 142 932 жолаушы тасымалданған. Бұл – бұрын-соңды болмаған тәуліктік рекорд. Матч күні пойыздар түнгі 01.00-ге дейін жұмыс істеп, жанкүйерлердің ойыннан кейінгі жолын жеңілдетті.

Айта кетейік, мұның алдындағы рекорд 2 қыркүйекте тіркелген болатын. Ол күні қаланың жерасты көлігін 117 мың адам пайдаланған еді. Бар болғаны бірнеше апта ішінде жаңа көрсеткіштің орнауы метрополитенге деген сұраныстың артып келе жатқанын айқын көрсетеді. Алматы метросының мұндай көрсеткішке қол жеткізуі – қала тұрғындары мен қонақтарының қоғамдық көлікке деген сенімінің, сондай-ақ инфрақұрылымның заманауи талаптарға сай дамып келе жатқанының айғағы.

Әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ИСА БАЙЗАҚОВ – 125

# ҰЛТ РУХАНИЯТЫ
## ұлықталған күн

**Алматыда қазақтың суырыпсалма өнерінің алыбы, ақын, композитор әрі актер Иса Байзақовтың 125 жылдығына арналған үлкен іс-шара өтті.**

Аяжан СЕРІККЫЗЫ

Зиялы қауым өкілдерін, ғалымдар мен жастарды тоғыстырған іс-шара аясында «Суырыпсалма ақын Иса Байзақов» атты ғылыми-тәжірибелік конференция және ақын шығармашылығына арналған үш кітаптың тұсаукесері өтті.

Іс-шараны ақынның ұрпақтары, Қазақстан Жазушылар одағы және «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясы бірлесе ұйымдастырды. Залға жиналғандар үшін бұл кеш тек еске алу емес, қазақ өнерінің алтын қорындағы асыл есімді қайта жаңғырту, оның шығармашылығына жаңа көзқараспен қарау мүмкіндігі болды.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



Конференцияға ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары мен қалалық кітапханалардың жетекшілері қатысты. Әрбір баяндамашы өз сөзінде Иса Байзақовтың қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қосқан зор үлесін атап өтті.

Сондай-ақ, Президенттің арнайы құттықтауы оқылды, ақын туралы естелік бейнематериалдар көрсетіліп, Иса Байзақов жайлы арнайы түсірілген фильмнің қысқаша нұсқасы ұсынылды.

Жиын соңында ақын өмірі мен өнеріне арналған үш жаңа кітаптың тұсауы кесілді. Иса Байзақовтың 125 жылдығына арналған бұл іс-шара – қазақ руханиятының тарихында ерекше орын алар тағылымдық мазмұнды бағдарламасымен есте қалды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Бауыржан ЖАҚЫП, «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы:**

### Қазақ әдебиетінің дамуына зор үлес қосқан дара тұлға

Үлкен ғажайып эпикалық дастандар қалдырған, қазақ поэзиясының тарихындағы ерекше тұлға – Иса Байзақов ағамыздың 125 жылдық мерейтойының нүктесін қояйын деп отырмыз. Бұл мерейтой Алматыда өз жалғасын табуда. Бұған дейін Павлодар жерінде, ақынның туған елі – Ертіс ауданында ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылған болатын. Бірер ай бұрын Павлодар облысының әкімі Асайын Қуандықұлының өзі қатысып, ескерткіш басына гүл шоқтары қойылып, бірнеше кітаптың тұсаукесері өтті.

Сонымен қатар, ат жарысы, көкпар, ақындар айтысы секілді ұлттық дәстүрлеріміз дәріптелген үлкен республикалық деңгейдегі той өтті. Өйткені, 125 жылдық – бұл мемлекеттік деңгейде аталып өтетін мерейтойлар тізіміне енген маңызды іс-шара. Иса Байзақов қазақ әдебиетінің дамуына зор үлес қосқан дара тұлға. Оның есімі мен мұрасы ұлт руханиятының мәңгілік байлығына айналды.

ҚЫЛҚАЛАМ

# «БҰЛАҚ КӨРСЕҢ, КӨЗІН АШ!»
## Фатима Нөкен – сан қырлы талант иесі



**Табиғаттың тілін бояумен жеткізу үлкен өнер. Ал сол құдіретті өнерді бағындырған Фатима Нөкен есімді кейіпкеріміз қазіргі таңда Сүлеймен Демирел атындағы университетінде филология мамандығы бойынша 4-курсында оқып жүр. Қарашығына ғаламды сидырған қаршадай қыз өзінің көргені мен түйгенін қалам тілімен безбендеп, тың туынды жасады.**

Рая ЕСКЕНДІР

Болашақ қылқалам иесі 2010–2016 жылдар аралығында қаламыздағы таланттар мекені Оқушылар сарайының «Сурет» балалар бірлестігінің тұрақты оқушысына айналған еді. Ол осынау мекеменің бағырлы ұстаздары Райгүл Болатованың «Қолөнер» балалар бірлестігінде, Вероника Кулакова жетекшілік ететін «Шахмат» балалар бірлестігінде, Татьяна Римашевскаяның «Ағылшын тілі» балалар бірлестігінде шыңдалып, жан-жақты білім алады.

Ол сондай-ақ, бір ғана сурет салу өнерімен шектелмей, осындағы би, вокал, көркем сөз, жүзу балалар бірлестіктеріне, тіпті математика пәні бойынша олимпиадаға дайындыққа қатысып жүрді. Қазір ойласа, осынау өнер жолында жасаған бұл қадамы өзіне үлкен көмек болған екен. Өйткені, кез келген суретші ең алдымен қоршаған ортаның қайнаған тірлігіне қанық болу керек. Бұл жолда туындыға арқау болар тіршілікті көрерменге жеткізу үшін таптырмас тәсіл екені анық.

*«Кішкентай философ» кітабын дайындау барысында кейіпкерлердің мінез-құлықтарын, әрекеттерін бейнелегенде, өзіме сырттан қарап, өзімді бейнелегендей болдым. Тіпті, өзімді ойландырып жүрген сауалдардың жауабын да табуға тырысқандаймын. Кітаптың алғашқы оқырмандары, яғни мені бұрыннан танитындардың өздері де «Кітапты ашқанда сені көріп, өзіңмен сөйлескендей болдық», – деп жатыр. Жалпы, менің ой-өрісімнің дамып, тұлға болып қалыптасуыма, дәл осындай деңгейде сурет салуыма бала кезімде қатысқан сурет, қолөнері, шахмат сияқты үйірмелердің әсері мол болды десем, еш қателеспеймін. Өйткені, Оқушылар сарайында алған жан-жақты білімім мен тәлім-тәрбием менің кейіпкерлерімнің тартымды, әрі сан қырлы болуына септігін тигізіп отыр,* – дейді Фатима Нөкен.




Бір басына бірнеше өнер қонған Фатима Нөкен – сан қырлы талант иесі. Оқушылар сарайының басшысы Айгүл Болатбекқызының айтуынша, Фатима креативті жастар сапынан. «Оның бос уақыты мүлдем жоқ. Күні бойы сурет салу, 3D модельдер жасау, кітап оқу, тігін тігу, қолөнері дейсіз бе, әйтеуір тыным таппайды. Бұл оның еңбекқор, ізденімпаз қасиеттерінің жемісі. Қазақта «Бұлақ көрсең, көзін аш» деген жақсы сөз бар ғой. Осындай таланттарды таныту – біздің басты міндетіміз. Қазір талантты балалар өте көп. Тек оларды танып, дер кезінде қолдау көрсетуіміз керек, – дейді Айгүл Байсымақова.

Фатиманың бай коллекциясында «Отбасы хрестоматиясы», «Қорқыт ата кітабы», «Кішкентай философ», «Ғазали» шығармалары, сондай-ақ Айгерім Аюбектің оқу құралы мен «Алан кидс» журналына иллюстрациялар мен көрнекілік құралдары бар. Әсіресе, «Шыңдал» өнер-білім орталығы мен Оқушылар сарайының «Өрнек» балалар лагерінде тәлімгерлік еткен кезеңдер оның бейнелеу өнерінде ең бір қарқынды еңбек еткен жылдарына айналды.





Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ҰЛТТЫҚ СПОРТ

# Дүлдүлдер дүбірі

## Алматының ипподромын думанға бөледі

**Алматы қаласында ұлттық спорт пен мәдени дәстүрді ұлықтайтын «Ұлы дала ойындары» әдеттегідей сән-салтанатпен өтті. Қазақ халқының тарихынан бастау алатын бұл мерекелік фестиваль бүгінде қала жұртшылығы мен қонақтары асыға күтетін мәдени дәстүрге айналғалы біраз жыл.**

### Білекті және жүректі жігіттер

Фестиваль туының астына жиналған спортшылар мен өнерпаздар Алматының ипподромын ұлттық мәдениет алаңына айналдырып, Ұлы даланың күшқуатын, ептілігі мен рухын көрсетті десек, артық емес.

Фестиваль шеңберінде халыққа кеңінен танымал көкпар, аударыспақ, теңге ілу, қыз қуу, жамбы ату сынды ат үстіндегі ойындар өте қызықты өтті. Бұл ойындар жігіттің денесін шынықтырып, ептілік, төзімділік, шапшаңдық секілді қасиеттерін жетілдіруге жетелейді. Мәселен, аударыспақ – салт атпен күресетін ойын, ол күш пен ептілікті талап етеді.

Әуелде ортаға осы фестивальдің жоғары деңгейде өтуіне атсалысып, көрерменге жамбы ату, теңге ілу, тазы салу, қыранмен аң аулау сынды әдемі қойылымдар ұсынып жүрген «Сұлтан сері» этно-орталығының жігіттері шыққан болатын. Қызды-қыздымен көрермендер арасынан да күшін сынауға ерazаматтар атойлап шыға бастады.

Әсіресе, Орталық спорт клубының қызметкері Бауыржан Әбдікайым деген жігіт шыға келгенде жұрт ду қол соқты. Иә, ол осыдан екі жыл бұрын Алматыда өткен Наурыз мейрамында 50 келі тартатын қошқарды екі сағат ішінде 2040 рет көтеріп, жаңа рекорд орнатқан болатын. Елдің оған бөлекше ықылас білдіруі сондықтан. Біздің елдің жігіттері – жігіттердің төресі ғой, қошқар көтерген қара күштің иесі екен деп одан қаймыққан ешкім жоқ, ортаға тағы үш жігіт шықты. Олардың біреуі – Нұрәли деген 19 жасар алматылық бозбала. Беріспеді. Ұзақ белдесті. Әрине, қара күштің иесі, тәжірибелі Бауыржан үшеуін де аттан аударып түсірді. Бірақ батылдығы, оңай аударыла салмаған шымырлығы үшін жас Нұрәлиге де бір сыйлық бұйырды.

### Көрермен лебізі

«Немеремді ұйықтап жатқан жерінен оятып алып келдім осы ойындарды көруге. Ат үстіндегі сайыстарды тамашалау ерекше әсер сыйлады маған. Біздің қазақ қыздарының ат үстінде отырғаны қандай керемет! Жебе тартқан сәттері де сұлу ғой! Бұл – нағыз қазақ рухының тойы!», – дейді фестиваль көрермені Сайлаукүл Қазбекқызы.

Көкпар да өз деңгейінде өтті. Онда Алматы мен Алматы облысынан құралған команда тартысты. 45 келілік «серкені» ат үстінде асқан ептілікпен іліп алып қазандыққа салу оңай емес. Білектің күші, жүректің рухы сыналатын сайыста екі команда тең түсіп, достық жеңді.

### Боз кілемдегі өрендер

Ат үстіндегі ойындардан бөлек, фестивальде қазақ күресі, асық ату, қол күресі, салмақ көтеру, садақ ату, тоғызқұмалақ секілді ұлттық сайыстар да фестивальге әр берді. Бұл сайыстарға жасөспірімдерден бастап әуесқой спортшыларға дейін қатысты. Әсіресе, балалар арасында ұйымдастырылған асық ату, қазақша күрес ерекше қызығушылық тудырды. Боз кілемдегі баласының шашбауын көтере келген ата-аналар да жеңімпаз болып, мойнына медаль таққан жеткіншегінің жеңісіне мәз болып жүр.

Фестиваль тек спортпен шектелмеген. Қала тұрғындары мен меймандары үшін этно-жәрмеңке ұйымдастырылған. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген шеберлер теріден, ағаштан, металдан және киізден жасалған бұйымдарын ұсынды. Қыз-келіншектер жағы көздің жауын алған, күмістен құйылған әдемі сырға, сақина, білезіктерді сатып алып жатты. Сондай-ақ, дәстүрлі қолөнер бойынша шеберлік сабақтары да қызығушылық тудырды.

### Тұлпар мен шабандоз

Ұлы дала ойындарының ең тартымды бөлігі бәйге жарысы болды. Көпшіліктің ықыласын аударған Аламан және Құнан бәйгелері тартысты өтті. Атбегілер баптаған сұлу тұлпарлар жанкешті шабандоздарымен бірге желмен жарыса шапқанда қалың көрерменнің де делебесі қозып, қиқулап дем беріп отырды.

Көз ұшында кеудесін керіп, тұяғын жерге түйіп алған барлық тұлпар бар күшін салып келеді. Даланың тынысы – еркін, даланың үні – дүбір. Сол дүбірдің арасынан жал-құйрығы желмен жарысқан тұлпардың тұяқ үні өзгеше естіледі екен-ау! Тұяғы қара жерге тиген сайын даланың жүрегі дүрсілдейтіндей.

Мәреге таяп қалған балаң шабандозды да байқап тұрмыз. Көзінде жалын, жүзінде сенім бар. Қолындағы тізгіні нық. Денесі иіліп, жел екпініне қарсы еңкейген бір сәтінде тұлпары екеуі біртұтас жаратылыстай көрінеді. Міне, мәре сызығын да кесіп өтті.

Бұл сәт – жігер мен ерліктің, рух пен намыстың жарасқан, тоғысқан шағы. Шабандоз бала сұлу тұлпарының мойнына асылып, оған рахмет айтып жатқанын алыстан-ақ байқадық.

### Жарайсыңдар, жеңімпаздар!

Бәйге жеңімпаздарына ұйымдастырушылар тарапынан қомақты сыйлықтар табысталды. Аламан бәйгенің (18 км) 1-орнын – Тұрсынбек Әлинұр (Жамбыл облысы), 2-орнын – Абзал Тұрғанбек (Батыс Қазақстан облысы), 3-орнын – Айсұлтан Саматұлы (Алматы облысы), 4-орнын – Болат Әбдікәрім (Алматы облысы), 5-орнын Исламбек Әуезхан иеленді. Ал Құнан бәйгеде (12 км) Алтынбек Жан – 1-орын, Сералы Әмір – 2-орын, Амангелді Хамза – 3-орын, Дәулетбай Мейір – 4-орын, Тұрғанбек Абзал 5-орын алды.

Иә, Алматыда өткен «Ұлы дала ойындары» – қазақ халқының ғасырлар қойнауынан жеткен асыл қазынасының бүгінгі ұрпақпен қайта қауышуы. Ол – өткен мен бүгінді, дәстүр мен заманауилықты жалғайтын рухани көпір.

Ұлы даланың асқақ рухын дәріптеген осындай мерекелік іс-шаралар ұлттық мәдениеттің жандануына серпін беріп, елдің болашағына бағыт сілтер игілікті бастама болып қала бермек.

«Ұлы дала ойындары» фестивалін «Арқайым» нео-этно-фолк тобы мен «Алатау серілері» ән-жырымен қолдады.



**Нұржамал ӘЛІШ.**

### ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Бауыржан ТАЛҒАТҰЛЫ, «Алматы жаттықтырушылары ассоциациясы» ЖШС-нің өкілі:**

#### ЭТНО-ТУРИЗМГЕ ҮЛЕС ҚОСАДЫ

Фестивальдің мақсаты – ұлттық спорт түрлерін дәріптеу, халыққа кеңінен насихаттау, жастарды ата-бабамыздан қалған асыл мұраға баулу және қадірлей білуге баулу. Мұндай іс-шаралар ұлттық спортты ғана емес, ұлттық мәдениетті де кеңінен насихаттауға жол ашады. Біз жастарымызды тарихын, дәстүрін ұмытпауға, атқа міну мәдениетін қайта игеруге шақырамыз. Мұндай іс-шаралар жастардың бойында ата-баба дәстүріне деген құрметті қалыптастырып, ұлттық сананың өсуіне ықпал етеді. Сонымен бірге, бұл фестиваль елдің этно-туризмін дамытуға, Қазақстанды шетелдік қонақтарға таныстыруға септігін тигізері сөзсіз.

**Әбзелхан ӘЖІМОЛДАЕВА, алматылық зейнеткер:**

#### АТ БӘЙГЕСІ ДЕСЕ ДЕЛЕБЕМ ҚОЗЫП ТҰРАДЫ

«Ұлы дала ойындарын» жібермей көремін. Әсіресе, ат спортын жаным сүйеді. Бала күнімнен жылқы малына өте жақын болып өстім. Әкем марқұм малсақты кісі еді. Тұлпар баптап, ат әбзелдерін жасаған ұста болған. Атымды Әбзел деп қойғаны да бекер емес. Бес жасымнан атқа отырғызды. Жайлауда желмен жарысып өскен қызбын. Ат бәйгесі десе делебем қозып тұрады.

Осыдан төрт-бес жыл бұрын осы ипподромда аттан жығылып, жүре алмай қалып, біраз қиналғаным бар-ды. Балаларым әрең жіберді осы фестивальге. «Қызды-қыздымен алдыңғы жаққа шығып кетіп жүрмеңіз. Тып-тыныш үйде отырсаңыз болар еді» деп мені айныткысы келді. Қалай отырамын үйде, мынадай дүбірдің ішінде жүруім керек қой (күледі). Бұл – үлкенкішіні біріктіріп, ұрпақтар сабақтастығын көрсететін мереке. Бұл ойындарда тек аттың жүйріктігі ғана емес, шабандоздың шеберлігі де сыналады. Осындай жарыстар бізді шынықтырып, ұлттық спорттың қадірін арттырады.

ОЙТАЛҚЫ

# ДИПЛОМНАН КЕЙІНГІ ӨМІР

## еңбек нарығындағы өзекті мәселеге айналып отыр

**Қазіргі заманда жоғары «білім алу – табысты өмірдің кепілі» деген түсінік біртіндеп өз мәнін жоғалтып келеді. Әр жыл сайын елімізде мыңдаған жас маман оқу орнын аяқтап, еңбек нарығына қадам басады. Алайда, олардың барлығы бірдей өз мамандығы бойынша жұмыс таба алмайды. «Диплом бар, жұмыс жоқ» деген тіркес бүгінде қанатты сөзге айналғандай. Бұл құбылыс тек жеке адамның ғана емес, тұтас қоғамның, мемлекеттің де өзекті мәселесіне айналып отыр.**



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Алматы – елдегі ең қарқынды дамып келе жатқан әрі жастар көп шоғырланған қалалардың бірі. Статистикаға сәйкес, мұнда 700 мыңнан астам жас азамат тұрады, олардың шамамен 400 мыңы – 14 пен 29 жас аралығында. Солардың ішінде 12,5 мыңнан астамы жұмыссыз болса, NEET санатындағы жастардың саны – 40 мыңға жуық.

Жуырда Еңбек күні мен «Жұмысшы мамандықтар жылына» орай Алматы қаласының еңбек мобильділігі орталығы жалпықалалық бос жұмыс орындары жәрмеңкесін өткізді. 100-ден аса ұйым қатысқан іс-шарада 10-ға жуық ірі компания, мемлекеттік ұйымдар, кәсіпорындар мен жұмыссыз азаматтар бас қосты. Жиын аясында үміткерлерге 300-ден астам бос жұмыс орны ұсынылып, түрлі салалар бойынша 2000-нан аса қызмет орны қамтылды. Олардың ішінде өндіріс, өнеркәсіп, құрылыс, көлік пен логистика, сауда және қызмет көрсету, денсаулық сақтау, білім беру, энергетика, ақпараттық технологиялар, мәдениет және қоғамдық тамақтану салалары бар.

Ұлттық статистика бюросының 2025 жылдың алғашқы тоқсанындағы мәліметі бойынша, Қазақстандағы 16–34 жас аралығындағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,1% болған. Бұл көрсеткіш былтырғымен салыстырғанда өзгеріссіз күйінде қалды. Ал II тоқсанда жұмыспен қамту деңгейі 15 жастан үлкен халық санына шаққанда 95,4% болды. Сәйкесінше, жұмыссыздық деңгейі (Халықаралық еңбек ұйымының әдістемесі бойынша) – 4,6%.

### Статистика не дейді?

| | Жұмыс күші, адам | Жұмыспен қамтылғандар | Жалдамалы қызметкерлер | Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар | Жұмыссыз халық | Жастар (15–34) жұмыссыздық деңгейі, % | Жұмыссыздық деңгейі % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2022 | 9 429 809 | 8 971 539 | 6 847 300 | 2 124 239 | 458 270 | 3,8 | 4,9 |
| 2023 | 9 534 114 | 9 081 920 | 6 893 429 | 2 188 491 | 452 194 | 3,5 | 4.7 |
| 2024 | | | | | | | |
| | 9 663 991 | 9 214 184 | 7 015 108 | 2 199 076 | 449 807 | 3,1 | 4,7 |
| 2025 I тоқсан | 9 735 019 | 9 283 504 | 7 140 979 | 2 142 525 | 451 515 | 3,1 | 4,6 |
| II тоқсан | 9 749 205 | 9 300 414 | 7 139 335 | 2 161 079 | 448 791 | 3,1 | 4,6 |

***(Дереккөз: Ұлттық статистика бюросы)***

### Жұмыссыздық себептері

Мамандар сұранысы мен ұсынысының сәйкессіздігі. Көптеген жас заңгерлік, экономист, қаржы мамандықтарын таңдайды. Ал нарықта бұл мамандардың саны артық, керісінше, техникалық, ауыл шаруашылығы, IT салаларында кадр жетіспейді.

Жұмыс тәжірибесінің болмауы. Бірқатар жұмыс беруші еңбек өтілі бар мамандарды іздейді. Ал оқу орнын енді ғана аяқтаған жас маманнан тәжірибе талап ету – әділетсіздік сияқты көрінгенімен, бұл – дұрыс шешім.

Жалақының төмендігі. Кейбір салаларда бастапқы жалақы өте төмен болғандықтан, жас мамандар басқа жұмыс іздеуге мәжбүр болады немесе мүлде басқа салаға кетеді.

Өңірлік теңсіздік. Астана мен Алматы секілді ірі қалаларда жұмыс мүмкіндігі көп болса, ауыл-аймақтағы жастар үшін таңдау тым шектеулі.

Жас буынның басым бөлігі мамандықты жүрек қалауымен емес, ата-ананың ықпалымен немесе «беделді» деген стереотиппен таңдайды. Кейіннен бұл жағдай кәсіби өсу мен дамуға кері әсерін тигізеді.

Жастардың арасында фриланс, стартап, кәсіпкерлік секілді бағыттарға бет бұру көбейіп келеді. Бұл да дәстүрлі жұмыспен қамтудан бас тартудың бір себебі болуы мүмкін.

### Мемлекеттік қолдау бағдарлары

Мемлекет жұмыссыздықты азайту мақсатында бірнеше бағдарламаны жүзеге асырып келеді:

**• «Жастар практикасы». Бұл жоба жастарды еңбек нарығына дайындау мақсатында іске асырылған мемлекеттік бағдарлама.**

Оның негізгі мақсаты – жоғары және арнаулы орта оқу орындарын бітірген жастарға жұмыс тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік беру. Аталған бағдарлама арқылы жастар түрлі мемлекеттік және жеке ұйымдарда жұмыс істей отырып, тәжірибе жинап, өз кәсіби дағдыларын арттыра алады. Жоба жастардың жұмысқа орналасу деңгейін көтеруге және олардың еңбек нарығына интеграциялануына мүмкіндік береді. 2025 жылдың 1 тамызындағы мәліметке сүйенсек, аталмыш бағдарлама аясында 9,1 мың адам жұмысқа орналасты, барлығы 38,9 мың жас қазақстандықты жұмыспен қамту жоспарланды.

**• «Бастау Бизнес». Жоба кәсіпкерлік дағдыларды дамытуға бағытталған. Негізінен жұмыссыз жастар мен әйелдерге, сондай-ақ ауыл тұрғындарына арналған.**

«Бастау Бизнес» бағдарламасы аясында қатысушыларға бизнес-жоспар жазу, кәсіпкерлік негіздері, қаржы менеджменті, маркетинг сияқты дағдылар үйретіледі. Әрі қарай, кәсіп ашуға немесе өз ісін дамытуға мүмкіндік береді. Бастапқы капиталы жоқ адамдар үшін мемлекеттік гранттар мен микрокредиттер ұсынылады.

**• «Жасыл ел» бағдарламасы – табиғатты қорғау, экологияны сақтау және жастарды осы бағытта белсенділік танытуға шақыру мақсатында жүзеге асырылған жоба.**

Бұл жоба аясында жастар экологиялық жұмыстарға қатысып, елдің жасыл аймақтарын жақсарту үшін өздерінің күш-жігерін жұмсайды. Мәселен, ағаш отырғызу, көгалдандыру, табиғи ресурстарды сақтау сияқты іс-шараларға атсалысады. Жоба экологиялық тәрбиені насихаттайды әрі қоғамдағы жас азаматтардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттырады.

**• «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы – ауылдық жерлерге жұмыс істеуге және тұруға келген жастарға қолдау көрсету мақсатында іске асырылатын мемлекеттік жоба.**

Бағдарламаның басты мақсаты – ауылдық жерлердегі кадр тапшылығын жою және ауыл тұрғындарының өмір сапасын жақсарту. Ауылдарда білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, инженерлік қызметтер және басқа да салаларда мамандар ауадай қажет. Сондықтан осы бағдарламаның аясында жоғары оқу орындарын тәмамдаған жастар ауылды жерлерде жұмыс істеуге ынталандырылып, олар үшін әлеуметтік қолдау шаралары қарастырылған. Мәселен, бұл жоба 2009 жылдан бері іске асырылып келеді. Осы уақыт аралығында 52 мыңнан аса жас маман 189,5 млрд. теңге көлемінде бюджеттік несие алыпты. Соның ішінде 35,1 мың адам (67,1%) – білім саласындағы қызметкерлер.

Жоғарыда аталған бағдарламалар барлық жасқа қолжетімді деп айту қиын. Сондықтан бұған жүйелі бақылау мен нәтижеге бағытталған саясат қажет. Еңбек нарығындағы жаңа сынақ – тек жастардың ғана емес, бүкіл қоғамның мәселесі. Бұл құбылыс елдің экономикалық дамуына, әлеуметтік тұрақтылығына және халықтың болашағына тікелей әсер етеді. Жастар жұмыссыз болса, елдің болашағы да бұлыңғыр болатыны анық. Сондықтан бұл мәселеге ұлттық стратегиялық деңгейде қарау қажет.



**Дана САДЫРҚАН.**

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



**Айсұлу МОЛДАБЕК, әлеуметтанушы:**

### Қабілет пен дағдыны қатар үйреніп шығуы керек

Жылдан-жылға еңбек нарығына жұмысқа орналасу қиындай береді. Себебі, бізде демографиялық өсім жақсы. ЖОО-да грант саны артып жатқандықтан, тиісінше оқу бітірушілер де көбейеді. Демек, нарық пен экономикада нақты жұмыс орындарын табу қиындайды. Жастардың еңбек нарығында жұмыс табуындағы ең үлкен қиындықтардың бірі – олардың өз мамандығына сай дағдыларының болмауы. Өйткені, көпшілігінің теориялық білімі үстіртін, ал практикалық қабілеті мүлдем жоқ.

Жұмыссыздықтың екі негізгі себебі бар: жастардың қабілетінің жеткіліксіздігі және нарықтың белгілі бір деңгейде шектелуі. Мәселен, нарықта сұраныс санаулы ғана болғандықтан, қаржы мамандығын тәмамдағандардың өзі ертең жұмыс таппай жүреді. Ал IT бітіргендер шарасыздықтан басқа елдің нарығына түрлі платформалар арқылы онлайн жұмыс істеуге мәжбүр.

Қазақстанда жұмыс істейін десе, бізде бос орын жоқ. Егер ауыл шаруашылығы өнімдерін шығаратын экономиканың нақты секторы мен өндірісі дамыса, IT мен қаржы мамандығы бойынша оқуын аяқтағандар жұмыссыз қалмайтын еді. Студенттер университеттің өзінен қабілет пен дағдыны қатар үйреніп шығуы керек. Қазіргі білім бағдарламасын толықтай өзгертпесек болмайды. Өйткені, берілген тапсырманы ChatGPT-мен орындаған білім алушының ештеңе үйренбейтіні белгілі.

Қазір жастар жұмысқа келсе, «үйренейін, тәжірибе жинайын» деудің орнына, әуелі жалақы мөлшерін сұрайды. Алдыңғы қатардағы Америкада, Кореяда, Жапонияда сәттіліктің артында қажымас қайрат пен қажырлы еңбек жатыр. Сондықтан біздің биліке бірден қол жеткізгісі келетін жастар мансаптық шыңға көтерілу үшін көп еңбек керек екенін түсінуі керек. Мектеп бітіруші түлектер жалақысы жоғары деп жаппай IT мамандығына түсіп жатыр. Осындай мәселеге байланысты еңбек нарығында жаңа жұмыс орындарын ашуды, әсіресе, экономиканың нақты секторларын дамытуды қолға алуымыз қажет. Ауыл шаруашылығы мамандары, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласын жетілдіру аса маңызды. Кәсіпкерлікті дамытуда жаңа жұмыс орындарын жастардың өзі ашып, еңбекке деген құлшынысты жоғарылату керек.

Елімізде түрлі дағдыны үйрететін «skills.enbek.kz» деген онлайн оқыту платформасы бар. Дегенмен, өңірлер мен аймақтарда мұны біліп, қолданып, жұмысқа тұрып кетіп жатқан жастар өте аз. Демек, мұндай курстардың онлайн ғана емес, офлайн түрін де іске қосқан дұрыс.

«АҢСАҒАН СӘБИ»

## ЭКО бағдарламасы:

# БАЛА СҮЮГЕ МҮМКІНДІГІҢІЗ БАР

**Кейінгі бес жыл ішінде Алматы қаласында экстракорпоралдық ұрықтандырудың арқасында 13 мыңнан астам сәби дүниеге келді. Оның ішінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) есебінен 5 мыңнан астам бала өмірге келген.**



Алматы қалалық Медициналық сақтандыру қоры филиалының мәліметінше, биыл ЭКО бағдарламасына 2,2 млрд теңге бөлінген. Бұл қаражат процедураны МӘМС жүйесі арқылы тегін өтуге мүмкіндік береді. Экстракорпоралдық ұрықтандыру – бедеулікке қарсы ең тиімді әдістердің бірі. Қазіргі заманғы репродуктивті технологиялар табиғи жолмен бала сүюге қабілетсіз жандарға ата-ана болуға көмектеседі. ЭКО рәсімі некесін ресми тіркемеген жұптарға да қолжетімді. Басты шарт – екі тараптың жазбаша келісімі болуы қажет.

### ЭКО–ға МӘМС арқылы түсу жолы:

- тіркелген емханаға жүгіну;
- тексерістен өтіп, «бедеулік» диагнозын растау;
- диагноз қойылғаннан кейін 12 ай ішінде дәрігер құжаттарды жоғары технологиялық медициналық қызметтер (ЖТМҚ) жөніндегі комиссияға жолдайды;
- комиссия оң шешім қабылдаған жағдайда пациент ЭКО-ға жолдама алып, процедураны жүргізетін клиниканы өзі таңдайды.

### ЭКО–ға қатысатындар:

- репродуктивті жаста (АМГ 1 нг/мл және одан жоғары);
- соматикалық және эндокриндік статусы қалыпты;
- овариалдық резерв қанағаттанарлық болуы керек.

КЕҢЕС

# БАЛАЛАР АУРУХАНАСЫ:

## жабдықталу деңгейі 97,9%–ға жетті

**Алматыда балалар арасында қызылша ауруы 90%–ға, көкжөтел сегіз есе азайды. Бұл туралы қалалық балалар клиникалық инфекциялық ауруханасының директоры Ержан Сералин Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Марат Пашимовтың қатысуымен өткен жұмыс кеңесінде хабарлады.**



Биылғы сегіз айда Алматы қалалық балалар клиникалық инфекциялық ауруханасына 102835 бала жүгінген, олардың 29317-сі ауруханаға жатқызылған. Госпитализацияланған әр үшінші науқас – бір жасқа дейінгі сәби(8 453).

Ержан Сералиннің айтуынша, балалардың тек 28%-ы ғана шын мәнінде ауруханаға жатқызуды қажет еткен, қалғандарына көмек емханалық деңгейде көрсетілуі мүмкін еді. Жағдайдың жартысынан астамы ата-ананың амбулаторияны айналып өтіп, баласын тікелей стационарға алып келуінен туындап отыр.

*– Ата-аналар көбіне емханадағы кезектен қашып, ауруханада тез тексереді деп ойлайды. Талдау көрсеткендей, барлық жүгінудің 64%-ы тыныс алу ағзаларының ауруына байланысты болды. Олардың саны өткен жылмен салыстырғанда, 15%-ға артқан. Әр бесінші жағдайда пневмония анықталса, әр оныншы балада бронхит тіркелген. Энтеровирустық инфекциялар 11%-ды, жедел ішек инфекциялары 4,5%-ды құрады,* – деді Ержан Сералин.

Сонымен бірге, бірқатар аурудың төмендеуі байқалады: менингит – 14%-ға, қызылша – 90%-ға, көкжөтел – сегіз есе азайды.

Жалпы жүгінушілер саны 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5,3%-ға өскен, ал басқа өңірден келген науқастар үлесі 16,8%-ға артқан.

Көрсетілетін көмектің сапасын арттыру үшін төсекорын саны 743-тен 777-ге дейін көбейтіліп, жабдықталу деңгейі 97,9%-ға жетті. Палаталарға оттегі нүктелері мен персоналды шақыру түймелері орнатылды, медициналық газды беру жүйесі жаңғыртылды, заманауи КТ, УДЗ және ӨЖЖ аппараттары сатып алынды.

ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

# ЗАМАНАУИ НЕЙРОХИРУРГИЯ

## Алматылық дәрігерлер спастикалық синдромды азайтуға бағытталған оталарды сәтті жасап келеді

**Церебральды сал ауруымен ауыратын көптеген бала ұзақ жыл бойы жүріп–тұру тұрмақ, отыра алмай қиналады. Олардың қимыл–қозғалысы алға қадам жасауға кедергі келтіретін көрінбейтін тізбектер сияқты спастициямен шектеледі. Міне, осындайда заманауи нейрохирургия көмекке келеді.**



Мегаполистегі №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасының нейрохирург, невропатолог-нейрофизиолог, анестезиолог-реабилитолог және медбике-лерден құралған мамандар тобы бес жылдан бері балалардағы спастикалық синдромды азайту операциясы – селективті дорсальді ризотомияны сәтті орындап келеді. Операция кезінде нейрохирургтар мен нейрофизиологтан құралған операциялық бригада жүйке жүйесін «бейімдейді», арнайы әдістердің көмегімен жұлын түбірлерін анықтайды, патологиялық сигналдарды беретін жолдарды табады. Нәтижесінде спастиктік азаяды, бұлшық еттер еркін жұмыс істей алады, қалпына келтіру потенциалы айтарлықтай артады.

Бірақ бұл бастамасы ғана. Операциядан кейін бала ауыр және ұзақ оңалту процесіне тап болады: күнделікті жаттығулар, физиотерапия және ортопедия. Бұл жерде қозғалыстың жаңа тәжірибелері туады: аяқты біркелкі орналастыру, сенімдірек тұру және әдеттегі қарсылықсыз алғашқы қадамдарды жасау. Әрине, селективті дорсальді ризотомия сиқырлы таяқша емес. Бұл аурудың барлық белгісін жоя алмайды немесе бір түнде денсаулықты қалпына келтірмейді. Бірақ ол ең маңызды нәрсені ұсынады, ол – мүмкіндік. Яғни баланың қимыл-қозғалысында оң өзгерістер болуына мүмкіндік береді.

СӘТТІ ОТА

# ШҰҒЫЛ КӨРСЕТІЛГЕН КӨМЕК

## зейнеткерді инсульт пен мүгедектіктен сақтап қалды

**Алматының №7 қалалық клиникалық ауруханасының дәрігерлері 77 жастағы қарт адамды инсульттің ауыр салдарынан аман алып қалды. Жедел жәрдем мен аталған аурухана мамандарының уақытылы шақырылуы мен үйлесімді іс–қимылдарының арқасында, науқас операциядан кейін бір тәулік ішінде қалпына келе бастады.**

Зейнеткердің жұбайы оның түнде қалыпты ұйықтағанын, ал таңға жуық жүре алмай кенеттен құлап қалғанын айтқан. Дереу «103»-ке хабарласқан. Аурухананың қабылдау бөлімшесінде науқасты мультидисциплинарлық топ қарады: невропатолог, реаниматолог және тамырлы нейрохирург. Диагноз ишемиялық типтегі ми қан айналымының ауыр жіті бұзылуын



растады. Науқастың жағдайын созылмалы ишемиялық жүрек ауруы, кардиомиопатия және т.б. сияқты қосалқы дерттері қиындата бастаған. Қария көп жыл артериялық гипертензиямен ауырған, артериялық қысымы 180/90-ға дейін жиі көтеріледі. «Д» есебінде тұрады, базалық терапияны тұрақты түрде сақтамаған. 2008 жылы қан айналымы арнасының үш тамырлық зақымдануына байланысты ота жасалған.

*«Неврологиялық жағдай мен науқастың ауыр халін ескеріп, «терапиялық терезе» ішінде шұғыл эндоваскулярлық ота жасау туралы шешім қабылданды. Клиника нейрохирургтары ми тамырларының ангиографиясын және механикалық тромбэктомия жасады – бұл ми тамырларының қан айналымын қалпына келтірген тамырдан тромбты алып тастау»,* – дейді №7 ҚКА-ның №2 нейроинсульттік бөлімшесінің меңгерушісі Ғалымжан Кәрімов.

Дәрігерлердің айтуынша, мұндай жағдайда уақытылы медициналық көмекке жүгіну шешуші рөл атқарады. Инсульт белгілері байқалған науқас дер кезінде мамандандырылған бөлімшеге түссе, соғұрлым мүгедектікке ұшырамай, қалыпты өмірге оралуына кепілдік бар.

**Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.**

**Алматы қаласы әкімдігінің**
**2025 жылғы 6 қазандағы №4/675–1245 қаулысы**

## Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесінің бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Мәдениет басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 16 мамырдағы №03.4-15/273-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мамандандырылған (инклюзивті) мәдениет үйінің жаңа ғимаратын салу үшін Алтынай Омирбековна Исабекованың, Ерсултан Ерланович Байбатырованың, Аяулым Ерлановна Байбатырованың, Айбатыр Ерланұлының Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Сүйінбай даңғылы, 54/1, мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-314-034-039), жалпы ауданы 0,3800 га жер учаскесінің ауданы 0,1200 га бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 603-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскесінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін «Алматы қаласы Мәдениет басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ.**

**Алматы қаласы әкімдігінің**
**2025 жылғы 6 қазандағы №4/675–1246 қаулысы**

## Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Алматы қаласы Қалалық мобилділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 4 қыркүйектегі №34.1-34.03/2544-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Салынып жатқан әлеуметтік объектілерге тұрақ кеңістігі құрылысы үшін жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты 2 (екі) жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын:

1) Валихан Дауренбекович Шажировтың Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Құрамыс» шағынауданы, Ақселеу Сейдімбек көшесі, 222/3 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-322-024-165), ауданы – 0,0641 га;

2) Амирхан Калиевич Джакатаевтың, Жамила Нурымовна Джакатаевның Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Құрамыс» шағынауданы, Ақселеу Сейдімбек көшесі, 100/5 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-20-322-024-1489), ауданы – 0,0740 га.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кеңсе белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ.**

**Алматы қаласы әкімдігінің**
**2025 жылғы 6 қазандағы №4/675–1247 қаулысы**

## Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 20 желтоқсандағы №34.1-34/1268-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мұқанов көшесін Гоголь көшесінен Райымбек даңғылына дейін ұзарту үшін, Алматы қаласы, Алмалы ауданында орналасқан 7 (жеті) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ.**

**Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 6 қазандағы**
**№4/675–1247 қаулысына қосымша**

**Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі**

| Р/с № | Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы) | Кадастрлық нөмірі | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің ауданы, га |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Кузьмин Александр Дмитриевич | Есентай көшесі, 35А | 20-311-041-042 (20-314-016-042) | жалпы-0,1120 доля-0,0230 |
| 2. | Гулая Любовь Ивановна | 2-ші Кастекская көшесі, 1 | 20-311-041-144 (20-314-016-144) | 0,0622, иеліктен шығарылатын ауданы-0,0154 |
| 3. | Иминова Турсунбуви Туглуковна | Моңғол көшесі, 3Б | 20-311-041-150 (20-314-016-150) | жалпы-0,1127 үлесі-0,0487, иеліктен шығарылатын ауданы-0,0113 |
| 4. | Джалилов Руслан Азатбекович | Моңғол көшесі, 36 | 20-311-041-150 (20-314-016-150) | жалпы-0,1127 үлесі-0,0640, иеліктен шығарылатын ауданы-0,0116 |
| 5. | Шепотько Лариса Юрьевна | 2-ші Кастекская көшесі, 1В | 20-311-041-170 (20-314-016-170) | 0,0343, иеліктен шығарылатын ауданы-0,0037 |
| 6. | Абрамова Ирина Юрьевна | Есентай көшесі, 43 | 20-311-041-230 | жалпы-0,1357 үлесі-0,0505 |
| 7. | Кенгирбаева Айгуль Дюсембаевна | Есентай көшесі, 47А | 20-311-041-265 (20-314-016-265) | 0,0846 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0101 |

**Алматы қаласы әкімдігінің**
**2025 жылғы 6 қазандағы №4/675–1248 қаулысы**

## Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 28 шілдедегі №42.1-42.09/806-И хатының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. № 20 мектеп аумағын кеңейту үшін, Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Нарынқол, Потанин, Ярославский, Герцен көшелерінің шаршысында орналасқан 41 (қырық бір) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ.**

**Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 6 қазандағы**
**№4/675–1248 қаулысына қосымша**

**Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі**

| Р/с № | Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы) | Кадастрлық нөмірі | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің ауданы, га |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Сейсенбай Айдын Қадыржанұлы | 20:317:095:092 | Потанин көшесі, 317/9 үй | 0,0639 |
| 2. | Анохин Андрей Николаевич | 20:317:095:062 | Потанин көшесі, 315 үй, 1 пәтер | жалпы-0,0592 үлесі-0,0293 |
| 3. | Бультрикова Гульнара Истамбековна | 20:317:095:062 | Потанин көшесі, 315 үй, 2 пәтер | жалпы-0,0592 үлесі-0,0299 |
| 4. | Андреев Андрей Федорович | 20:317:095:232 | Потанин көшесі, 313 үй | жалпы-0,0630 үлесі-0,0316 |
| 5. | Пушница Татьяна Викторовна | 20:317:095:232 | Потанин көшесі, 313 үй | жалпы-0,0630 үлесі-0,0314 |
| 6. | Ким Амалия Леонтьевна | 20:317:095:158 | Потанин көшесі, 311 үй | 0,0579 |
| 7. | Алехно Анастасия Александровна | 20:317:095:098 | Потанин көшесі, 309 үй | жалпы-0,0616 үлесі-0,0237 |
| 8. | Конищева Елена Сергеевна | 20:317:095:098 | Потанин көшесі, 309 үй | жалпы-0,0616 үлесі-0,0379 |
| 9. | Ким Илья Николаевич | 20:317:095:234 | Потанин көшесі, 307 үй | 0,0600 |
| 10. | Радченко Александр Павлович | 20:317:095:189 | Потанин көшесі, 303 үй | 0,0586 |
| 11. | Боровикова Татьяна Митрофановна | 20:317:095:211 | Потанин көшесі, 301/8 үй | 0,0642 |
| 12. | Беркуненко Алексей Витальевич | 20:317:095:355 | Нарынқол көшесі, 10 үй | 0,0335 |
| 13. | Смирнов Евгений Николаевич | 20:317:095:338 | Жангелдин көшесі, 278/12 үй | 0,0322 |
| 14. | Жолдасбаев Айдос Жумабекович | 20:317:095:194 | Жангелдин көшесі, 280 үй | 0,0305 |
| 15. | Константинов Александр Павлович, Константинов Виктор Павлович | 20:317:095:342 | Жангелдин көшесі, 280А үй | жалпы-0,0327 үлесі-0,0218 |
| 16. | Живаев Николай Федорович | 20:317:095:263 | Жангелдин көшесі, 282 үй | 0,0576 |
| 17. | Гуляев Игорь Николаевич | 20:317:095:290 | Жангелдин көшесі, 284 үй | 0,0653 |
| 18. | Егоров Николай Владимирович | 20:317:095:293 | Жангелдин көшесі, 286 үй | 0,0594 |
| 19. | Савина Светлана Юрьевна | 20:317:095:136 | Жангелдин көшесі, 288 үй | жалпы-0,0589 үлесі-0,0264 |
| 20. | Грицкевич Геннадий Евгеньевич | 20:317:095:136 | Жангелдин көшесі, 288 үй | жалпы-0,0589 үлесі-0,0325 |
| 21. | Мезинцев Александр Филиппович | 20:317:095:072 | Жангелдин көшесі, 290 үй, 1 пәтер | жалпы-0,0587 үлесі-0,0290 |
| 22. | Девяткина Наталья Николаевна | 20:317:095:072 | Жангелдин көшесі, 290 үй, 2 пәтер | жалпы-0,0587 үлесі-0,0297 |
| 23. | Шабельников Юрий Васильевич | 20:317:095:147 | Жангелдин көшесі, 292 үй | жалпы-0,0590 үлесі-0,0442 |
| 24. | Гребенникова Светлана Владимировна | 20:317:095:147 | Жангелдин көшесі, 292 үй | жалпы-0,0590 үлесі-0,0148 |
| 25. | Волжанкина Светлана Анатольевна | 20:317:095:040 | Жангелдин көшесі, 294/11 үй | жалпы-0,0599 үлесі-0,0299 |
| 26. | Иблазова Халима Мумузыевна | 20:317:095:040 | Жангелдин көшесі, 294/11 үй | жалпы-0,0599 үлесі-0,0300 |
| 27. | Филиппова Ирина Анатольевна | 20:317:095:244 | Жангелдин көшесі, 263 үй | 0,0592 |
| 28. | Гузев Евгений Александрович, Гузева Виктория Анатольевна | 20:317:095:213 | Жангелдин көшесі, 265 үй | 0,0610 |
| 29. | Рахметова Наргис Талатовна | 20:317:095:103 | Жангелдин көшесі, 267 үй | 0,0640 |
| 30. | Орлеанский Сергей Арнольдович | 20:317:095:288 | Жангелдин көшесі, 269 үй | 0,1228 |
| 31. | Дробаха Виктория Анатольевна | 20:317:095:214 | Жангелдин көшесі, 271 үй, 1 пәтер | жалпы-0,0651 үлесі-0,0271 |
| 32. | Точеная Виктория Михайловна | 20:317:095:214 | Жангелдин көшесі, 271 үй, 2 пәтер | жалпы-0,0651 үлесі-0,0380 |
| 33. | Осокина Антонина Алексеевна | 20:317:095:086 | Жангелдин көшесі, 273 үй | жалпы-0,0620 үлесі-0,0250 |
| 34. | Ергалиев Арыстан Орынгалиевич | 20:317:095:086 | Жангелдин көшесі, 273 үй | жалпы-0,0620 үлесі-0,0370 |
| 35. | Дороженко Мария Николаевна | 20:317:095:165 | Жангелдин көшесі, 275/13 үй | 0,0608 |
| 36. | Закарияев Эльхан | 20:317:095:166 | Ярославская көшесі, 15 үй | 0,0615 |
| 37. | Артамонова Ольга Леонидовна | 20:317:095:152 | Нұр Әлем көшесі, 162/17 үй | жалпы-0,0654 үлесі-0,0436 |
| 38. | Кулькина Валентина Анатольевна | 20:317:095:152 | Нұр Әлем көшесі, 162/17 үй | жалпы-0,0654 үлесі-0,0218 |
| 39. | Литовченко Сергей Викторович | 20:317:095:349 | Нұр Әлем көшесі, 160 үй | 0,0798 |
| 40. | Марченко Анна Адольфовна | 20:317:095:120 | Нұр Әлем көшесі, 157/19 үй | 0,0675 |
| 41. | Декембаева Марьякан Темиргалиевна | 20:317:095:002 | Ярославская көшесі, 21 үй | 0,0353 |
| 42. | Шадрина Людмила Григорьевна | 20:317:095:202 | Ярославская көшесі, 21А үй | 0,0312 |
| 43. | Газалов Ибрагим Ибад оглы | 20:317:095:285 | Герцен көшесі, 154А үй | 0,0324 |
| 44. | Люсан Арли Ламзарович, Люсан Амир Ламзарович, Иблазова Халима Мумузыевна | 20:317:095:300 | Герцен көшесі, 154 үй | 0,0350 |
| 45. | Варламов Николай Александрович | 20:317:095:292 | Нарынқол көшесі, 16 үй | 0,0649 |
| 46. | Асқарбек Азат Асқарбекұлы | 20:317:095:114 | Нарынқол көшесі, 18 үй | 0,0778 |
| 47. | Троценко Дмитрий Дмитриевич | 20:317:095:111 | Нарынқол көшесі, 20 үй | 0,0718 |
| 48. | Марчуков Геннадий Петрович | 20:317:095:125 | Нарынқол көшесі, 22 үй | 0,0703 |
| 49. | Югай Клава | 20:317:095:331 | Герцен көшесі, 152А үй | 0,0320 |
| 50. | Мамышева Багила | 20:317:095:116 | Герцен көшесі, 152 үй | 0,0306 |
| 51. | «Алматытеплокоммунэнерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20:317:095:176 | Герцен көшесі, 152А үй | 0,0703 |

**Алматы қаласы әкімдігінің**
**2025 жылғы 6 қазандағы №4/675–1249 қаулысы**

## Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 17 қыркүйектегі №34.6-34.03/2698-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тұру-бұрылу алаңын салу үшін, Алматы қаласы Наурызбай ауданы, Абай даңғылының солтүстігінде, Медеубеков көшесінің шығысында орналасқан 15 (он бес) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кеңсе белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ.**

**Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 6 қазандағы**
**№4/675–1249 қаулысына қосымша**

**Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі**

| Р/с № | Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы) | Кадастрлық нөмірі | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің ауданы, га |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Байбекова Рысбуви Баккажаевна | 20-322-010-188 | «Ракета» бағбандық серіктестігі» тұтыну кооперативі, 72 | 0,0880 |
| 2. | Умаров Даурен Бахтиярович, Умарова Лаззат Насритдинкызы | 20-322-010-794 | «Ракета» бағбандық серіктестігі» тұтыну кооперативі, 13 | 0,0776 |
| 3. | Укибаев Марат Амангельдинович | 20-322-010-162 | «Ракета» бағбандық серіктестігі» тұтыну кооперативі, 54 учаскесі | 0,1030 |
| 4. | Стамкулов Тимур Амангельдиевич | 20-322-010-457 | «Ракета» бағбандық серіктестігі» тұтыну кооперативі, 53 | 0,0850 |
| 5. | Синявский Денис Дмитриевич | 20-322-010-1204 | «Ракета» бағбандық серіктестігі» тұтыну кооперативі, 52 | 0,1035 |
| 6. | Демьяненко Константин Сергеевич | 20-322-010-101 | «Ракета» бағбандық серіктестігі» тұтыну кооперативі, 14 | 0,0474 |
| 7. | Жетикеева Гульжан Абдуллаевна | 20-322-010-388 | «Ракета» бағбандық серіктестігі» тұтыну кооперативі, 133 | 0,0474 |
| 8. | Жанашев Исабек | 20-322-010-232 | «Ракета» бағбандық серіктестігі» тұтыну кооперативі, 15 | 0,1079 |
| 9. | Жоламанов Ердаулет Тохтамысович | 20-322-010-417 | «Ракета» бағбандық серіктестігі» тұтыну кооперативі 127 | 0,0635 |
| 10. | Жоламанов Ердаулет Тохтамысович | 20-322-010-561 | «Ракета» бағбандық серіктестігі» тұтыну кооперативі, 51 | 0,0678 |
| 11. | Чистяков Максим Владимирович | 20-322-010-002 | «Ракета» бағбандық серіктестігі» тұтыну кооперативі, 16 | 0,0670 |
| 12. | Егорова Татьяна Юрьевна | 20-322-010-907 | «Ракета» бағбандық серіктестігі» тұтыну кооперативі, 145 | 0,1140 |
| 13. | Кожахметова Майра Жакыповна | 20-322-010-194 | «Ракета» бағбандық серіктестігі» тұтыну кооперативі, 12/1 | 0,0766 |
| 14. | Манасурова Гульшат Кудайбергеновна | 20-322-010-310 | «Ракета» бағбандық серіктестігі» тұтыну кооперативі, 17 | 0,0786 |
| 15. | Тапиева Тамара Ибадуллаевна | 20-322-010-219 | «Ракета» бағбандық серіктестігі» тұтыну кооперативі, 49 | 0,1100 |

## ҚАУЛЫ

*Алматы қаласы әкімдігінің*
*2025 жылғы 6 қазандағы*
*№4/675-1250 қаулысы*

**Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 2023 жылғы 23 қарашадағы № 4/524-708 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»:

аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірі 15 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 15. | Курбанов Магир Башир Оглы | 20-312-058-263 | Түнтібаев көшесі, 18 үй, 2А пәтер | жалпы-0,0742 үлесі-0,0196 |

» ;

2) 2024 жылғы 29 ақпандағы № 1/1-86 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»:

аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірі 49 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 49. | Турисбекова Гулжамал Курбановна, Абдрахманова Айдана Нурханқызы | 20-315-029-497 | Жиенқұлова көшесі, 57 үй | 0,0354 |

» ;

реттік нөмірі 50 жолы алынып тасталсын;

реттік нөмірі 73 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 73. | Усков Олег Викторович, Евстифеев Станислав Георгиевич | 20-315-029-393 | Жиенқұлова көшесі, 41 үй | жалпы-0,0379 үлесі-0,0347 үлесі-0,0032 |

»;

реттік нөмірлері 76,77 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 76. | Зайцева Клавдия Борисовна | 20-315-029-654 | 9-шы Кирпичнозаводская көшесі, 35 үй | жалпы-0,0499 үлесі-0,0255 |
| 77. | Бердыхожаева Зауреш Кисамиевна | 20-315-029-654 | 9-шы Кирпичнозаводская көшесі, 35 үй | жалпы-0,0499 үлесі-0,0244 |

»;

3) 2024 жылғы 27 маусымдағы № 2/225-969 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»:

аталған қаулының қосымшасындағы реттік нөмірі 81 жолы алынып тасталсын;

4) 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 4/530-2758 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»:

аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірі 35 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 35. | Бектурганова Галия Муратовна | 20-313-033-179 | Лебедев тар көшесі, 6А үй | жалпы - 0,0506 үлесі - 0,0317 |

».

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ.**

*Алматы қаласы әкімдігінің*
*2025 жылғы 6 қазандағы*
*№4/675-1251 қаулысы*

**Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 30 сәуірдегі №2/225–262 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 30 сәуірдегі №2/225-262 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының 2 тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін»;

аталған қаулының қосымшасындағы реттік нөмірі 1 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «KAZSTAR Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-315-062-012 | Құлжа тас жолы, 34 | 0,3119 |

»:

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ.**

*Алматы қаласы әкімдігінің*
*2025 жылғы 6 қазандағы*
*№4/675-1252 қаулысы*

**Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 21 қазандағы №4/530–2129 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 21 қазандағы №4/530-2129 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының 1 және 2-тармақтары келесі редакцияда мазмұндалсын:

«1. Автобус паркін салу үшін Касым Физуллаоглы Амидовтың Алматы қаласы, Медеу ауданы, Құлжа трактісі, 34/3 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-315-062-197), ауданы 6,3500 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін».

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің көрсететін мемлекеттік қызметтері:**

**Құқықтық статистика органы мемлекеттік қызметтің 4 түрін көрсетеді:**

1) «соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама беру»;

2) «прокуратура, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою»;

3) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитеті мен оның аумақтық органдарының мұрағаттары шегінде мұрағаттық анықтамалар және / немесе мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін беру»;

4) «адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер беру».

«Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» онлайн-режимде көрсетіледі, оған «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы тапсырыс беруге болады www.egov.kz ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын, яғни порталдың мобильді нұсқасын үйден шықпай, тек электрондық-цифрлық қолтаңбасы бар, яғни «Мемлекеттік корпорация «КЕАҚ-на бармай-ақ Үкімет азаматтар үшін» немесе бір реттік SMS пароль сервисі, «EgovKzBot» арқылы Telegram мессенджері арқылы қол жеткізуге болады.

Анықтама электрондық құжат нысанында 2003 жылғы 7 қаңтардағы «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес ресімделеді.

Egov.kz порталында «бір өтініш» қағидаты бойынша шетелге шығу үшін апостиль қойылған қағаз түрінде соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама алуға өтініш беруге болады, дайын құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Соттылығы туралы анықтамалар Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 79, 89-баптарының тәртібімен сотталғандығын өтеу ескеріле отырып беріледі. Яғни қылмыстық қудалау органымен тоқтатылған немесе соттылығы өздеріне қатысты өтелген немесе алынып тасталған азаматтар «соттылығы жоқ» деген жазбамен анықтама алады.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, қағаз нысанда мемлекеттік корпорация арқылы 5 жұмыс күніне дейін көрсетіледі.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің мұрағаттары шегінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін беру бір реттік SMS пароль сервисі арқылы жүзеге асырылады. Қызмет 10 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде көрсетіледі. Оны алу үшін Мемлекеттік корпорацияға немесе «электрондық үкімет» www.egov.kz веб-порталы арқылы өтініш беру жеткілікті.

Көрсетілетін қызметті алушы не сенімхат бойынша оның өкілі жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі жеке басын куәландыратын құжаты, сондай-ақ туыстарына ақпарат алған кезде туыстық дәрежесін растайтын тиісті құжаттары, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны қағаз түрінде болуы қажет.

Тұлғаның сыбайлас жемқорлық жасағаны туралы мәліметтер беру қылмыстар: «электрондық үкімет» www.egov.kz веб-порталы арқылы жүзеге асырылады азаматтарға / жұмысқа орналасу және жұмыспен қамту / жұмысқа орналасу және жұмыс іздеу бөлімінде. Қызметті орындау мерзімі – 10 (он) минут, қосымша тексеру жағдайында –5 (бес) жұмыс күні.

Барлық мемлекеттік қызметтер тегін болып табылады, апостиль қоюдан басқа оны көрсеткені үшін 0,5 АЕК мөлшерінде мемлекеттік баж алынады.

**Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының**
**Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі**
**Комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті.**

**#«Заң мен Тәртіп»**

## БАСПАСӨЗ – 2025


# ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

**Құрметті оқырмандар!**

2026 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ұтысқа түседі!

**Байқауға қалай қатысуға болады?**

2026 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет!

2025 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp-нөміріне 8 707 766 80 00 немесе alatauaqparat@gmail.com электронды мекенжайына жолдау қажет.

**Редакция мекенжайы:** 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

**Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.**

**Қай жерде жазылуға болады?**

Барлық почта бөлімшелерінде «Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС жазылуға болады.

**2026 ЖЫЛҒА БІР ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:**

**Жеке жазылушылар үшін (жазылу инсдексі 65503) – 10031,52 теңге.**

**Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін (жазылу индексі 95503) – 7391,52 теңге.**

**Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!**

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарламыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

**Құрметті жазылушылар, сәттілік тілейміз!**

**Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.**






ALATAU AQPARAT

Бас директор –
**Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ**

**Қабылдау бөлмесі:**
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
**Абдухалил ЖАЛИЛОВ**
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
**Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА**
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
**Төрехан ДАНИЯР**
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
**Есхат БОЖАН**
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
**Серік ЖҰМАБАЕВ**
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
**Рая ЕСКЕНДІР**

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
**Нұржамал ӘЛІШ**

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
**Куаныш ДЮСКАЛИЕВ**
тел: 293-08-12. E-mail:
**rekalatauaqparat@gmail.com**

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
**rekalatauaqparat@gmail.com**
тел: 293-08-25

**Шығармашылық даму жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері:
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**
**Сейітқазы МАТАЕВ.**

**ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...**

**«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: 8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70 телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз**

Almaty AQSHAMY

Республикаға таралатын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

**Меншік иесі:**
**«Alataý Aqparat» ЖШС.**
E-mail:
**alatauaqparat@gmail.com**
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.**
**Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)**

**Кезекші редактор –**
**Құралай ЖҰМАДІЛОВА**

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ17VPY00085956
куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.**

ШАҢЫРАҚ

# ФИЛИППИНДІК АРУ қазақ тілін үйреніп жүр



*Кейде адам тағдырын бір ғана кездесу түбегейлі өзгертіп жібереді. Тағдырдың тосын сыйы кейде мыңдаған шақырымды, тіл мен дінді, салт пен сана айырмашылығын еш кедергі көрмей, жүректерді тоғыстырады. Филиппиннің күншуақты аралдарында дүниеге келген Лиа есімді ару қазақ еліне келін болып түсті. Ол қазақ тілін үйреніп, ұлттық салт-дәстүрлеріміз бен болмысымызды жүрегімен қабылдағанын, қазақтың отбасылық құндылықтарын бар ықылас-пейілімен құрметтейтінін айтады.*

## Тағдырдың тосын сыйы жүректерді тоғыстырады

**– Лиа, қазақ еліне алғаш келген сәтіңіз есіңізде ме? Қандай әсерде болдыңыз?**

– Әлбетте! Ол сәт – менің өмірімдегі ең ерекше, есте қаларлық бетбұрыстардың бірі болды. Жаңа елге, мүлде бөлек мәдениет пен өмір салтына қадам басу – кез келген адам үшін оңай емес екені белгілі. Жаңа ортаға бейімделу, жаңа отбасымен танысу, жаңа әдет-ғұрыптармен етене жақындасу – бәрі мен үшін бұрын-соңды бастан өткермеген ерекше тәжірибе болды. Алайда, қорқыныштан гөрі ішкі қуанышым, үмітім мені алға жетеледі.

Себебі, мен болашақ жарымның туған жеріне, оның балалық шағы өткен мекенге аяқ басқалы тұрдым. Бұл – мен үшін үлкен мәртебе, үлкен жауапкершілік еді. Қалаға алғаш келген сәтім әлі күнге дейін есімде. Ең алдымен көзге түскені – айналадағы тазалық пен тәртіп, адамдардың ашық қабағы мен жайдарылығы. Қаланың тынысы жайлы әрі ыңғайлы екенін бірден сезіндім. Бірақ мені шын таңқалдырған нәрсе – қазақ халқының бай салт-дәстүрі мен шексіз қонақжайлығы болды. Әсіресе, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуі, дастархан басындағы сыйластық пен отбасындағы бірлік – жүрегіме жылы тиді.

**– Жолдасыңыз Нұрдәулетпен қалай таныстыңыздар?**

– Біз алғаш рет Мальдив аралдарында кездестік. Ол кезде екеуіміз де сол жақта жұмыс істеп жүрдік, бірақ ол уақытта Нұрдәулет отбасымен демалысқа келген болатын. Бұл кездесу – жәй ғана таныстық емес, тағдырдың бізге тартуы екен. Алғашында оны болашақ жарым деп ойламадым, тек жақсы дос ретінде қабылдадым. Бірақ уақыт өте келе оның жауапкершілігі, адамгершілігі мені баурап алды. Мен үшін адамның ұлты емес, оның жан-дүниесі маңызды болды.

## «Біздің махаббатымыз – сенім мен түсіністікке негізделген»

**– Қазақ отбасына келін болу – үлкен жауапкершілік. Бұл сізге қиындық тудырмады ма?**

– Адамдар әртүрлі пікірде болуы мүмкін. Біздің махаббатымыз – сенім мен түсіністікке негізделген. Кейбіреулер басқа ұлтқа келін болу – қиын, жауапкершілігі көп деп ойлайды. Бірақ мен үшін бұл – керісінше, қадір тұтар жағдай болды. Енем, жаңа отбасым мені туған қызындай қабылдады. Үнемі жылы қарым-қатынаста болдық. Ешқандай қысым, қарсылық сезінбедім. Тек махаббат пен қолдау болды. Бұл – менің осы елге деген сүйіспеншілігімді күшейтті.

**– Филиппин мен Қазақстан – екі түрлі мәдениет. Ұқсастықтар мен ерекшеліктер байқалды ма?**

– Әрине. Екі елдің салт-дәстүрінде кейбір ұқсастықтар бар екен. Екі мәдениетте де күйеу жігіттің отбасы үйлену тойына дейін қалыңдықтың отбасына сыйлықтар береді. Қазақстанда қалыңдықтың отбасы да сыйлықтар береді. Бірақ Филиппинде олар әдетте бермейді. Бізде панинилбихан (paninilbihan) деп аталатын дәстүр бар, онда күйеу жігіт қалыңдықтың отбасына үйленуге дайын екенін көрсету үшін қызмет етіп, өз адалдығын дәлелдейді.

Мен мұндай дәстүрді Қазақстанда көрген емеспін. Мұндай ұқсастықтар да, айырмашылықтар да айта берсек өте көп. Бірақ Қазақстанда мені қатты таңқалдырған – «беташар» рәсімі болды. Бұл тек дәстүр емес, келінге деген құрметтің көрінісі. Беташар дәстүрі мен үшін ерекше ыстық.

**– Жаңа тіл мен тағамдарға бейімделу қиын болмады ма?**

– Қазақ тілін біртіндеп үйреніп жүрмін. Күйеуім мен оның анасы маған сөздерді түсіндіріп, көмектесіп тұрады. Қазірдің өзінде қазақша қарапайым сөздерді еркін түсінемін. Қазақ тағамдарының ішінде «қырыққабат орамасы» мен шоколадты ерекше ұнайды.

## «Үлкен құрмет деп қабылдадым»

**– Қазақы тәрбиеде келін болу – үлкен мәдени жүк. Бұл рөлді қалай қабылдадыңыз?**

– Мен келін болуды міндет деп емес, үлкен құрмет деп қабылдадым. Себебі, қазақтарда үлкенге деген құрмет, инабаттылық, сыпайылық – өте маңызды. Бұл менің де жан-дүниеме жақын. Маған ешкім бұйырып, тыйым салған жоқ. Барлығы сыпайы түрде, түсіністікпен бағыт берді. Сондықтан мен өзімді жат сезінбедім.

**– Жұбайыңызды қандай қасиеттері үшін бағалайдыңыз?**

– Мен үшін оның адамгершілігі, отбасына деген құрметі, еңбекқорлығы маңызды болды. Біз бір-бірімізді сыйлаймыз. Ол – менің тек жарым емес, жан досым. Бұл – жүрек таңдауы мен қалауы.



Әңгімелескен
Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

ЭКОЛОГИЯ

## «Жасыл аула» науқаны: КӨШЕТТЕР ТЕГІН БЕРІЛЕДІ

**Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы «Жасыл аула» науқанының басталғанын хабарлайды. Қала тұрғындарынан көпқабатты үйлердің аулаларын көгалдандыру мақсатында жапырақты ағаш көшеттерін алуға өтінімдер қабылдануда. Көшеттер тегін беріледі.**



Науқан аясында бір адамға 20-ға дейін көшет беріледі. Өтініш беруші отырғызылған ағаштарға алдағы үш жыл бойы күтім жасау жөнінде кепілдік міндеттемесіне қол қоюға тиіс. Өтінім 2025 жылы 12 қазанға дейін қабылданады. Көрсетілген мерзімнен кейін жіберілген өтінім қабылданбайды.

Қатысу үшін zhasyl_aula_2025@bk.ru электрондық поштасына келесі мәліметтерді жіберу қажет:

► Қатысушының аты-жөні мен байланыс нөмірі, ағаш егілетін орнының нақты мекенжайы;

► Ағаш отырғызылатын жердің фотосы (мамандарға орынды толық бағалауға мүмкіндік беру үшін панорамалық форматта болғаны жөн);

► Қажетті көшет саны.

Көшеттер 2025 жылы 18-19 қазанға Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Т.Рысқұлов көшесі, 1/1 («Eco Almaty» ЖШС) мекенжайында таратылады. Отырғызылған көшеттердің фотоесебін жолдау қажет.

**«Жасыл аула» науқаны жеке тұрғын үй секторының (ЖТҚ) тұрғындарына, Алматы облысы тұрғындарына және заңды тұлғаларға арналмаған. Қосымша ақпарат алу үшін Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасының Жасыл қорды басқару бөліміне мына байланыс нөмірлері арқылы хабарласуға болады: +7 778 382 60 01, +7 (727) 338-31-06.**

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**

